№14 (299).
18 мамыр,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ТҮРКІСТАН – АТАЖҰРТЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ!

15 мамыр күні Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымы Мемлекет басшылары кеңесінің бейресми саммиті өтті. Биылғы маңызды басқосудың негізгі тақырыбы жасанды интеллект пен цифрлық даму мәселелеріне арналды.

Алқалы жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етті. Саммитке Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ ұйымға мүше және бақылаушы елдердің өзге де басшылары қатысты.

Саммит барысында цифрлық дәуірдегі өзара ынтымақтастықтың басым бағыттары, технологиялық серіктестік, жасанды интеллектіні тиімді пайдалану, киберқауіпсіздік және ортақ цифрлық кеңістік қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар экономикалық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық және инвестициялық байланыстарды нығайтуға ерекше назар аударылды.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Түркістанның түркі әлемі үшін тарихи әрі рухани маңызын ерекше атап өтті. Президент бауырлас елдердің көшбасшыларына алғыс білдіріп:

– Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы саналған, – деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі рухани тұтастық пен тарихи сабақтастықтың символына айналғанын атап өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауидің түркі халықтарының дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосқанын айтып, оның мұрасы бүгін де өзектілігін жоғалтпағанын жеткізді.

Президент өз сөзінде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» бастамаларына тоқталып, олардың негізінде Ясауи іліміндегі адамгершілік пен адалдық қағидаттары жатқанын айтты.

Саммит аясында Мемлекет басшысы биыл Түркістанда «Qoja Ahmet Yasaui» орденін тағайындау туралы шешім қабылданғанын еске салды.

– Бұл күллі түркі дүниесі үшін мән-мағынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол себепті кеше алғашқы мәртебелі награданы аса құрметті Президент Режеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанның бүгінде көне тарих пен заманауи дамуды тоғыстырған ірі орталыққа айналып келе жатқанын айтты. Мемлекет басшысының мәліметінше, былтыр Түркістан облысының экономикасы 9,3 пайызға өсіп, көлемі 10 миллиард доллардан асқан. Аймаққа 3,5 миллиард доллар инвестиция тартылған.

Президент сондай-ақ Түркістанда Өзбекстанның қолдауымен жаңа мешіт ашылғанын айтып, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке ризашылығын білдірді. Оның сөзінше, бұл мешіт қазақ-өзбек халықтарының достығы мен рухани байланысының символына айналады.

Саммит барысында халықаралық жағдай мен түркі елдерінің ынтымақтастығы мәселесі де көтерілді. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі геосаяси ахуалдың күрделі екенін айтып, мұндай кезеңде түркі мемлекеттерінің бірлігі ерекше маңызды екенін жеткізді.

– Осындай алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. Себебі халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық даму мен жасанды интеллект мәселесіне арнайы тоқталып, технологиялық бәсеке күшейген заманда инновациялық тұрғыдан озық болу басты мақсатқа айналғанын айтты. Оның сөзінше, цифрлық трансформацияға уақытылы бет бұрған мемлекеттер ғана көш соңында қалмайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы стратегиялық бағыттарын да таныстырды. Президенттің айтуынша, биыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» жарияланған. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылып, екі суперкомпьютер іске қосылған. Келесі қадам ретінде «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы елімізде «Алтын виза» енгізілгенін, Цифрлық кодекс қабылданып, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енгенін айтты. Сонымен қатар білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу бағытында арнайы Жарлыққа қол қойылғанын жеткізді.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымы аясында бірқатар жаңа бастамаларды ұсынды. Атап айтқанда, цифрлық қолтаңбаны өзара тану, киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру, ғарыш саласындағы бірлескен жобаларды дамыту және түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін қалыптастыру мәселелері көтерілді.

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің IT хабтарының бірлескен орталығын ашуды ұсынып, оған «Turkic ai» атауын беруді ұсынды. Оның пікірінше, мұндай ортақ алаң түркі елдерінің технологиялық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Саммитте рухани және мәдени құндылықтарды сақтау мәселесіне де ерекше назар аударылды. Президент Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенция жобасын қолдауға шақырып, Түркістанда Түркі өркениеті орталығын құру туралы шешім қабылданғанын мәлімдеді. Бұл орталық ғылыми зерттеулер жүргізіп, мәдени және білім беру жобаларын жүзеге асыратын болады.

Мемлекет басшысы түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған арнайы цифрлық платформаны дамыту қажет екенін де айтты. Оның сөзінше, көптілді форматта жасалатын бұл жоба кез келген адамға түркі өркениетінің бай мұрасымен онлайн танысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Президент түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастырудың маңызын атап өтті. Осыған байланысты Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құру ұсынылды.

Саммит соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының қызметіне қатысты пікір білдіріп, ұйымның геосаяси немесе әскери блок емес екенін нақты айтты.

– Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауыр-лас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гума-нитарлық ынтымақтастығын нығайтатын біре-гей алаң, – деді Президент.

Мемлекет басшысы түркі әлемінің бірлігі мен ынтымақтастығы ортақ дамудың басты кепілі екенін атап өтіп, бүгінгі басқосу бауырлас халықтардың байланысын одан әрі нығайта түсетініне сенім білдірді.

Саммиттің қорытындысы бойынша Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшылары Түркістан декларациясына қол қойды.

Дайындаған Айым АЛМАСҚЫЗЫ

ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫМЫЗДЫҢ МҮМКІНДІГІ СӘЙКЕС ПЕ?

Міне, жаңа Ата заңымызды, «Жаңа Қазақстанның» басты құқықтық талаптарын топтастырған «Жаңа КОНСТИТУЦИЯМЫЗДЫ» көпшілік болып қабылдағанымызға да екі айдың жүзіне жақындады. Үстіміздегі жылдың бірінші шілдесінен бастап толыққанды өз функционалды күш-қуатына енетінін де білеміз. Әзірге толық танысу, зерттеу, пікірлесу...



Пәлендей бір белгілі ғалым, саясаттанушы, немесе, «білгішбек» болмасам да, араласқандарым мен жастар арасында жиі қозғалған үлкенкіші сұрақтарға жауаптар негізінде мен де оқырмандармен ой бөліссем деп едім.

Ең алдымен тәуелсіздігіміз енді бұйырған уақыттағы, бүгінде тарих толқынымен ағып өткен басты құқықтық құжаттарымыздың маңызы туралы пікірлер де бірыңғай емес пе? Сіз не дейсіз дейтіндер де аз болған жоқ.

Меніңше, осыған дейін тәуелсіз еліміз басынан өткізген 1993 және 1995 жылдарғы аталмыш екі «Ата заңымыз» да, бұрынғы көшпенділіктен шыға алмай, колониялық заңсыздық езгіні былай қойғанда, кейінгі кеңестік бодандық конституциялардың өзімен салыстыруға келмейтін құндылық еді.

Біріншіден, басты құндылықтарының өзі тарихымызда ешқашан кездеспеген, ал әлем тарихында сирек орын алған бір әлеуметтік-экономикалық формациядан (социализмнен), бұған дейінгі оның саяси-идеологиялық қарсыласына (капитализмге) өтуді мақсат тұтқандығында болатын. Бір сәт көзіңізге елестетіңіз: елдің үлкені де, кішісі де; оқығаны да басқасы да; өз әлеуметтік жағдайына ризасы да, керіспіншелері де; дәстүрге айналған партократиялық билікке қарсылары да, оны қолдайтындары да – саяси және экономикалық терең өзгеріске негізделген жаңа өмірді қолдайды.

5-бетте »

ЖЫЛ ҮЗДІГІ

атанған Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің тасы өрге домалап тұр



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің басшылығына белгілі жазушы, ақын Нұржан Қуантайұлы келгелі осы ғылыми-педагогтық құрылымның бағы жанып, жоғары жетістіктерге жете бастады. Араға ай салып, жоғары мектеп кезекті бір жарыстың не ғылыми рейтингтің көшін бастап тұрғаны туралы ақпарат жарияланатынына таңданбайтын болдық.

Жақында ғана Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қабырғасында студенттер Альянсы 2025–2026 оқу жылының қорытынды кеңейтілген жиналысы өтіп, оқу жылы бойы белсенділік танытқан факультеттер мен студенттік ұйымдардың жетістігі сараланды.

Дәстүрлі қорытынды жиында университеттің қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан үздік ұжымдар марапатталып, жыл бойғы еңбектің нәтижесі қорытындыланды. Биылғы қорытынды есеп беру жиыны ерекше тартысты өтті. 10 факультет өзара бақ сынап, әрқайсысы атқарған жұмысын таныстырып, жетістіктерін ортаға салды. Осы додада Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі айрықша белсенділігімен көзге түсіп, **«Жылдың ең үздік факультеті»** атағын иеленді. Бұл марапат – бір оқу жылы көлемінде атқарылған ауқымды жобалар мен студенттік бастамалардың нәтижесі.

Жоғары мектеп жыл бойы тек бір негізгі марапатпен шектелмей, тағы бес бірдей номинацияны иеленді. Атап айтқанда, «Жылдың ең үздік мәдениет комитеті», «2025–2026 оқу жылының II семестрінің үздік ұйымдастыру комитеті», «Ең үздік SMM», «Ең үздік тәрағе орынбасары» Бөлтірік Назым және «Ең үздік кеңесші» Төлеген Томирис иеленді. Алған номинациялар - ұжымдық жұмыстың, жүйелі жоспардың және ұйымшыл командаңың жемісі.

8-бетте »

ТУРИЗМ МЕН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Бахтиер Ибрагимовпен кездесті. Кездесу барысында Түркістан облысы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтуға бағытталған екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жан-жақты талқыланды.

Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, мәдениет және туризм салаларындағы өзара ісқимылды кеңейту, инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырды. Сонымен қатар өзара тауар айналымын арттыру, бірлескен өндіріс орындарын құру, өңіраралық байланысты нығайту және туристік әлеуетті бірлесе дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Аталған бағыттағы жұмыстар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев арасындағы жоғары деңгейдегі келісімдер мен бастамалар аясында жүзеге асырылып келеді. Екі ел басшыларының өзара сенімі мен достық қарым-қатынасы өңіраралық ынтымақтастықтың дамуына тың серпін беріп жатыр.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров екі ел арасындағы әріптестіктің маңыздылығына тоқталып, Түркістан облысы мен Өзбекстанның шекаралас өңірлері тарихи, мәдени және экономикалық тұрғыдан тығыз байланыста екенін атап өтті. Тараптар шекара маңы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеру, инфрақұрылымды дамыту және туризм саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру жолдарын талқылады.

– Қазақстан мен Өзбекстан – тарихи тамыры бір, бауырлас екі ел. Мемлекет басшыларының достық қарым-қатынасы мен саясатының арқасында біздің елдеріміз арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Түркістан облысы бұл бағыттағы байланыстарды одан әрі тереңдетуге мүдделі. Біз сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз. Ынтымақтастығымыз ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді болады деп сенеміз. Өзбекстан – бізге ең жақын әрі бауырлас мемлекеттердің бірі. Екі ел арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келеді. Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Бұл өңірдің дамуына жаңа серпін берді. Қазіргі таңда бірлескен жобалар жүзеге асуда. Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері қол қойған «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығын құру жөніндегі Жол картасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде,– деді облыс әкімі Нұралхан Көшеров.

Кездесу барысында Түркістан облысының инвестициялық әлеуеті таныстырылып, жаңа өндіріс орындарын ашу, бірлескен жобаларды іске асыру және шетелдік инвестицияларды тарту мәселелері қаралды. Өңірде мақта-тоқыма кластерінің құру бағытынадғы ірі жобаның жүзеге асқанын атап өтті. Сонымен қатар Түркістан қаласының тарихи-мәдени мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және туристік инфрақұрылымды дамыту бағыттарына басымдық берілді.

Өңір басшысы Түркістан облысының экономикалық әлеуетіне де тоқталды. Облыс ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша республикада көш бастап тұр. Сонымен қатар ет өнеркәсібінде жетекші рөл атқарып, Қазақстан бойынша ірі қара етінің экспортының 80 пайызын және ұсақ мал етінің 75 пайызын қамтамасыз етеді. Аймақта қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқан. Қазіргі таңда 21 индустриялық аймақ және «Turan» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. Бұл алаңдарда инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер қарастырылып, жобаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік берілген.

Өз кезегінде Бахтиер Ибрагимов Түркістан облысының әлеуетін жоғары бағалап, қос ел арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға күш салатынын жеткізді.

– Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыс терең әрі берік. Түркістанның орны біз үшін ерекше. Біз өзбекстандық кәсіпкерлер мен инвесторларды осы өңірге бағыттап келеміз. Туризм мен кәсіпкерлікті дамыту – маңызды бағыттардың бірі. Түркістанның туристік әлеуеті жоғары, көптеген өзбекстандықтар бұл қаланы қасиетті орын ретінде жақсы біледі. Осы бағытта бірлескен жұмысты одан әрі дамытуға дайынбыз, – деді Елші.

Айта кетейік, Түркістан облысында инвестиция тарту – басым бағыттардың бірі. Өңірде ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асуда. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы тауар айналымы 560 млн АҚШ долларын құрады (экспорт – 409,5 млн, импорт – 150,5 млн АҚШ доллары).

Сондай-ақ Өзбекстаннан Қазақстанға тартылған тікелей инвестициялар көлемі 292,8 млн АҚШ долларына жетті. Қазіргі таңда бірқатар бірлескен жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, ет өңдеу кешенін салу жобасы, Сауран ауданындағы суару жүйелерін өндіретін зауыт және балық шаруашылығы жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға дайын екендерін білдіріп, өзара тиімді жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

КӘСІПОРЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ ӨНДІРІС ОРНЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

«AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасына енген маңызды жобалардың бірі – Шардара ауданындағы «Казкрахмал» ЖШС-нің жүгері өңдеу зауыты. Аталған кәсіпорын өңірдің индустриялық-инновациялық дамуына серпін беретін стратегиялық маңызға ие өндіріс орны ретінде қалыптасып келеді.

Жаңа буын өндіріс орнын құрудың барлық кезеңдері ерекше бақылауға алынған. Аталған нысанның дайындығын Шардара ауданының әкімі Арман Қарсыбаев кезекті мәрте зерделеді. Аудан басшысымен кездесуде кәсіпорынның атқарушы директоры Руслан Кияшбаев өндірістің қазіргі ахуалы, технологиялық мүмкіндіктері және алдағы даму жоспарлары жөнінде жан-жақты мәлімет берді.

Жалпы инвестициялық құны 35 миллиард теңгені құрайтын бұл жоба өңір экономикасын әртараптандыруға, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға және халықты тұрақты жұмыспен қамтуға бағытталған. Бүгінгі таңда кәсіпорында 138 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жоба толық қуатында іске қосылған жағдайда бұл көрсеткіш 550 адамға дейін ұлғаяды деп межеленген.

Зауыттың өндірістік қуаты жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде 7500 тонна жүгері қабылданып, оның 2500 тоннасы терең өңдеуден өткізілген. Бұл кәсіпорынның өндірістік тізбегінің кезең-кезеңімен тұрақты жолға қойылып келе жатқанын көрсетеді.

Кәсіпорын инфрақұрылымы толық қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, жүгеріні қабылдау және кептіру кешені, 30 мың тонналық сақтау қоймалары, дайын өнім сақтау алаңдары, әкімшілік ғимарат, жұмысшыларға арналған жатақхана және асхана пайдалануға берілген. Сонымен қатар өндіріс орны Түркияның Cemsan компаниясының жоғары технологиялық жабдықтарымен толық жарақтандырылған.



Инженерлік-инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мәселелері де толық шешілген. Кәсіпорын ауыз су, табиғи газ, электр энергиясы және кәріз жүйелерімен қамтылған. Бұған қоса зауытқа апаратын асфальт жолдың салынуы өндірістік логистика мен тасымал тиімділігін арттырған.

Жоба «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде жүзеге асырылып, өңірлік деңгейде партиялық міндеттемелердің нақты орындалуының айқын көрінісі болып табылады.

Айта кетерлігі, мұндай ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы өңірдің экономикалық дамуына, өндірістік әлеуеттің артуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына зор мүмкіндік береді деген сенім бар.

ЖЫЛЫНА 50 МИЛЛИОН ДАНА ЖӨРГЕК ӨНДІРІЛУДЕ

Сайрам ауданындағы Ақсу ауылында жылына 60 млн дана дымқыл майлық өндіретін кәсіпорын жұмыс істейді. «CAPABLE GROUP мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің дымқыл майлықтар және жөргектер өндіру кәсіпорны 2025 жылы іске қосылған. Өндіріс орны қағаз және санитарлық-гигиеналық өнімдер өндіреді. Қазіргі таңда кәсіпорында 86 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Жобаның жалпы құны – 282 млн теңге. Өнімдер Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей елдеріне экспорталады. Айта кетейік, «CAPABLE GROUP мүгедектер қоғамы» еліміздегі балалар жөргегін өндіретін жалғыз кәсіпорын. Ондағы қызметкерлердің 60 пайызы ерекше күтімді қажет ететін азаматтар. Өндіріс орнында жылына 50 млн дана жөргек өндірілуде.

ЗАУЫТ НАРЫҚТЫ ОТАНДЫҚ ӨНІММЕН ҚАМТУ БАҒЫТЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕДІ

Сайрам ауданындағы «Tayiba» сүт өнімдерін өндіру зауыты ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамту бағытында тұрақты жұмыс істеп келеді. Жоба 2024 жылдың маусым айында іске қосылған. Жалпы құны 1,2 млрд. теңгені құрайтын өндіріс орнында қазіргі таңда 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Зауыт алғашында үй жанындағы шағын цех ретінде ашылып, сүттен 5 түрлі өнім өндірген. Кейін кәсіпорын ауқымы кеңейтіліп, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда 34 гектар аумақты алып жатқан кәсіпорында тәулігіне 50 тоннаға дейін сүт өнімі өндіріледі.



Онда сүт өнімдерінің 10-нан астам түрі шығарылады. Атап айтқанда, айран, қаймақ, құрт, сары май, ірімшік және өзге де сүт өнімдері өндіріледі. Өнімдер табиғи шикізаттан дайындалып, сапа талаптарына сай өңделеді. Шикізат жергілікті тұрғындар мен фермерлерден қабылданады. Бұл ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруаларға тұрақты табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр. Ал дайын өнімдер аудан мен облыс аумағындағы сауда орындарына жөнелтіледі.

Өндірістің негізгі кезеңдері автоматтандырылған жүйе арқылы бақыланады. Зауытта сүтті қайнатып, өңдеуге арналған вакуумдық цифрландырылған құрылғылар орнатылған. Өнімдер арнайы мұздатқыш камераларда сақталып, санитарлық талаптарға сай қапталады. Кәсіпорындағы өндірістік құрал-жабдықтар Ресей, Қытай және Түркия елдерінен жеткізілген. Бүгінде зауыт өңірдегі ірі сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың біріне айналып, отандық өндірістің дамуына үлес қосып келеді.

КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ – ЖЫЛЫНА 8 МЫҢ ТОННА

Сайрам ауданының өндірістік әлеуетін арттыру және өңірде жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде іске асып келеді. Соның бірі – Көлкент ауылдық округінде орналасқан ЖК «Абдирасулов» өндіріс орны. Аталған жоба аясында ғимарат қабырғалары мен шатырларына арналған метал өнімдерін өндіретін заманауи зауыттың құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда нысан құрылысының 90 пайызы аяқталып, кәсіпорынды іске қосуға қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдеу жұмыстары атқарылуда.

Жобаның жалпы инвестициялық құны – 2 млрд. 135 млн теңге. Өндіріс орны толық іске қосылған жағдайда 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізеді. Кәсіпорынның өндірістік қуаты – жылына 8 мың тонна.

ТУРИСТІК КЕШЕННІҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ – САУМАЛМЕН ЕМДЕУ

Түлкібас ауданына қарасты Жаскешу ауылдық округінің Пістелі ауылында «Saumal De Lux» туристік-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Осыған орай аудан әкімі Асқар Естібаев нысанға арнайы барып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Туристік кешеннің басты ерекшелігі – саумалмен емдеу. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 90 пайызы аяқталған. Жоба 2026-2027 жылдар аралығында іске асырылады. Биыл жалпы аумағы 1280 шаршы метрді құрайтын заманауи қонақ үй пайдалануға беріледі. Қонақ үйде 14 стандартты және 2 VIP бөлме қарастырылған. Бұдан бөлек, мейрамхана, жазғы демалыс аймағы және әрқайсысы 160 шаршы метрлік 3 ерекше үлгідегі демалыс үйі салынуда.

Жобаның екінші кезеңінде 1080 шаршы метрлік спорт кешені, жазғы бассейн, 10 глэмпинг және 5 киіз үй бой көтереді. Сондай-ақ, балық шаруашылығын дамыту, Көкбұлақ өзені үстінен екі аспалы көпір салу және тау бөктерімен өтетін ұзындығы 1,5 шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолын жасау жоспарланған. Кешеннің бірінші кезеңі 1 шілдеге дейін аяқталатын болады.

Құрылыс жұмыстарымен танысқан аудан әкімі әкімдік тарапынан газ, электр жарығы, жол және өзге де инженерлік инфрақұрылымдарды жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті. Сонымен қатар, мердігерлерге құрылыс сапасын сақтап, жобаны белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. «Saumal De Lux» кешені іске қосылғаннан кейін өңірдегі туризм саласының дамуына тың серпін беріп, аудан экономикасының өркендеуіне оң ықпал етеді деп күтілуде.

ОРДАБАСЫДА ЖАҢА ЗАУЫТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРУДЕ

Ордабасы ауданында «HUATING BIOTECHNOLOGY Co.,LTD» ЖШС-нің сүйектен май және желатин компоненттерін өндіретін зауыттың құрылысы жүргізілуде. Жалы құны 9 млрд. теңгені құрайтын кәсіпорын жылына 5 мың тонна өнім өндіреді. Жоба іске қосылғаннан кейін 30 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Қазіргі таңда нысанды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, газ құбыры мен инженерлік желілерді тарту бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аудан әкімі Азат Оралбаев құрылыс алаңына барып, газбен қамту жұмыстарының барысын бақылады. Қазіргі таңда бастапқы іске қосуға қажетті орта қысымды газ құбыры тартылып, техникалық шарттар алынған. Ал өндірісті толық қуатта іске қосуға арналған жоғары қысымды газ құбырының жобасы мемлекеттік сараптамаға жолданған. Сонымен қатар, кәсіпорын электр желілеріне қосылып, қосымша қуат көздерін алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, маусым айында жоба жаңа кезеңге өтіп, газ құбырына толық қосу жұмыстары басталады.

adilet-gazeti.kz

СУ ҮНЕМДЕУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ДА МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешені республика көлемінде стратегиялық маңызға ие. Еліміздегі ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің шамамен 13 пайызы осы өңірге тиесілі. Әсіресе, суармалы егіншіліктің үлесі жоғары – республикадағы суармалы жерлердің төрттен бір бөлігі, яғни 554 мың гектардан астамы Түркістан облысында орналасқан. Бұл өңірдің аграрлық әлеуетін айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Су ресурстарының шектеулігін ескере отырып, су үнемдеу технологияларын енгізу – уақыт талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығында суды үнемдейтін озық технологияларды жедел енгізіп, олардың қолданылу аясын жыл сайын 150 мың гектарға дейін ұлғайту міндетін қойған болатын. Бұл тапсырма Түркістан облысында кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Жаңбырлатып суару машиналарын шығаратын еліміздегі тұңғыш зауыт Түркістан облысында іске қосылған болатын. Бүгінде өңірде жаңа технологияларды жасап шығаратын 4 зауыт іске қосылған. Облыста су үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 114 мың гектарға жетіп, жалпы суармалы жерлердің 20 пайызын қамтып отыр. Бұл бағытта өндірістік инфрақұрылымды дамыту да қатар қолға алынған. Өңірде «BNK GROUP LTD» ЖШС, «KAZ KIOTI» ЖШС, «ХИНЖИН Ирригейшн» ЖШС және «TURAN SU» МКК секілді 4 кәсіпорын іске қосылды. Жалпы құны 25,7 млрд. теңгені құрайтын бұл жобалардың жылдық өндірістік қуаттылығы 163 мың гектар алқапты қамтуға мүмкіндік береді. Оның ішінде 73 мың гектарға тамшылатып суару, 90 мың гектарға жаңбырлатып суару технологияларын енгізуге жағдай жасалған.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. Қосымша құны 6 млрд. теңгені құрайтын, 30 мың гектар алқапты қамтитын тағы екі кәсіпорынды іске қосу жоспарланған. Бұл өз кезегінде шаруалардың заманауи технологияларға қолжетімділігін арттырып, өндіріс тиімділігін еселемек.

Су үнемдеу технологияларының артықшылығы айқын: ағын суды 1,5-2 есеге дейін үнемдеуге мүмкіндік берсе, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 2-3 есеге арттыруға жол ашады. Сондықтан бұл бағыт облыстың аграрлық саясатының басым бағыты ретінде айқындалған.

Өңірде су тапшылығы мәселесін шешу және трансшекаралық каналдарға тәуелділікті азайту мақсатында жыл сайын кемінде 50 мың гектар жерге су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланып отыр. Өткен жылы оңтүстік аудандарда су тапшылығының өткір сезілуі бұл бағыттағы жұмысты жеделдетудің маңыздылығын көрсетті.

Осыған байланысты 2026 жылға Мақтаарал, Жетісай және Шардара аудандарының әрқайсысына 8 мың гектардан жоспар белгіленді. Қазіргі таңда облыс бойынша 34 мың гектар алқапта су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары жүргізілуде. Аталған бастамаларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 2026 жылға 31,3 млрд. теңге қарастырылған. Бұл қаржы агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуға, су ресурстарын тиімді басқаруға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Жалпы алғанда, Түркістан облысында су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу – тек экологиялық қажеттілік қана емес, экономикалық тиімділікті арттырудың да маңызды құралы. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта өңірдің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Ордабасы ауданында көктемгі дала жұмыстары жоспарға сәйкес қарқынды жүргізілуде. Биыл жалпы 71,2 мың гектар егістік алқапты игеру жоспарланған. Оның ішінде күздік егіс көлемі 26,3 мың гектарды құраса, жаздық дақылдар 33 мың гектарға егіледі. Қазіргі таңда жаздық дақылдар 28 мың гектар алқапқа егіліп, жоспардың 84 пайызы орын-далған. Сондай-ақ, егіс алқаптарында дәнді дақылдар 3,8 мың гектарға, майлы дақылдар 5,4 мың гектар жерге және 5,3 мың гектар жерге мақта егілген. Сонымен қатар, ауданда 14 мың гектар аумаққа жоңышқа егілген. Картоп, көкөніс және бақша дақылдарының аумағы 5,2 мың гектар.

Көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізуде мемлекеттік қолдау шараларының маңызы зор. Осы орайда, «Кең Дала 2» бағдарламасы аясында аудан бойынша 265 жоба қаржыландырылған. Минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету де кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл 71,2 мың гектар алқапқа 16,2 мың тонна тыңайтқыш себу жоспарланған. Бүгінгі күні шаруалар 4 мың тоннаға жуық тыңайтқыш сатып алып, егістік алқаптарда қолдануда. Сонымен қатар, аудандағы 13 шаруа қожалығы жалпы аумағы 2 450 гектар алқапта су үнемдеу технологияларын пайдаланып, бидай, көкөніс және бақша дақылдарын өсіруде.

АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ САРАЛАНДЫ

Шардара ауданында су ресурстарын тиімді пайдалану, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және көктемгі дала жұмыстарының барысы бойынша мәжіліс өтті. Жиын облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың ауданға жұмыс сапары аясында ұйымдастырылып, онда ауданның 2026 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, су шаруашылығы саласындағы ахуал, көктемгі егіс науқаны, су үнемдеу технологияларын енгізу және инфрақұрылымдық жобалардың орындалу барысы жан-жақты талқыланды. Мәжіліске Шардара ауданы әкімінің орынбасары Бердешов Жұмасұлтан Оразбекұлы, ауыл әкімдері мен ірі шаруақожалық иелері қатысты.

Жиында аудан аумағында су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарының барысы баяндалды. 2026 жылы бұл технологияларды 8 мың гектар жерге енгізу жоспарланып, бүгінгі күнге дейін 7 959,3 гектар алқап қамтылғаны айтылды. Аталған жұмыстарды «КазКиоти», «Нәсер», «Жәрдем АС», «Казкрахмал» және «Агротехкредит» компаниялары жүзеге асыруда. Сонымен қатар кейбір мердігер ұйымдардың, оның ішінде «БНК групп» компаниясының жұмыс қарқыны төмен екені айтылып, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берілді.

Көктемгі егіс жұмыстары бойынша ауданда биыл 58 мың гектар егіс алқабын игеру жоспарланғаны атап өтілді. Негізгі дақылдардың қатарында мақта, жүгері, күріш және жоңышқа бар. Қазіргі таңда мақта, жүгері және бақша дақылдарын егу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы саласын қолдау мақсатында шаруаларға 2 630 тонна дизель отыны бөлініп, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету жұмыстары атқарылуда. Сондай-ақ «Кең дала» бағдарламасы аясында 253 шаруашылыққа жалпы 2,31 млрд. теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілген.

Мәжілісте су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылды. Осыған байланысты күріш егісінің көлемі қысқартылып, оның орнына су аз қажет ететін жүгері дақылының көлемі ұлғайтылып жатқаны айтылды. Сонымен қатар шаруашылықтардың басым бөлігі «Қазсушар» РМК-мен тиісті келісімшарттар жасаған.

Су шаруашылығы саласындағы ахуал бойынша Шардара су қоймасындағы су көлемі 5 132 млн текше метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда артқаны мәлімделді. Су келуі мен шығуы белгіленген режимге сәйкес реттеліп, ауданға бекітілген су лимиті 964,7 млн текше метрді құрап отыр.



Жиында зиянкестерге қарсы фитосанитарлық шаралардың барысы да қаралды. Ауданда 36 800 гектар жер зерттеліп, анықталған ошақтарда шегірткеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Сонымен қатар Ислам даму банкінің қаржыландыруымен аудан аумағындағы 8 каналға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқаны баяндалды. Жалпы құны 6,38 млрд. теңгені құрайтын жоба 2027 жылға дейін іске асырылып, нәтижесінде қосымша 910 гектар суармалы жер айналымға енгізіледі деп күтілуде.

Жиын қорытындысында су ресурстарын тиімді пайдалану, егіс құрылымын әртараптандыру және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі атап өтіліп, жауапты сала басшылары мен мердігер ұйымдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

ӨҢІР ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ОҢ ӨСІМ КӨРСЕТІП КЕЛЕДІ

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Біріккен Ұлттар Ұйымының даму құқығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы Сурья Девамен кездесті. Кездесу барысында облыс әкімінің орынбасары Түркістан өңірі қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, экономика, инфрақұрылым, әлеуметтік сала бойынша оң көрсеткіштерге тоқталды.

– Түркістан өңірі әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуде Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған тұрақты даму мақсаттарына ерекше мән береді. 2026 жылғы 1 наурыздағы мәлімет бойынша Түркістан облысы халқының саны 2146,7 мың адамды құрады. Оның ішінде қалалықтар – 545,1 мың адам (25,4%), ауыл тұрғындары – 1601,6 мың адам (74,6%). Біз экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікті үйлестіруге, халықтың әл-ауқатын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді саясат жүргізіп келеміз, – деді ол.

Айта кетейік, 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында Түркістан облысы қысқа мерзімді экономикалық өсім 119,4%-ды құрап, республикада 2-орынға ие болды.

Кездесуде экологиялық тұрақтылық мәселелері де кеңінен талқыланды. Өңірде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, жасыл технологияларды енгізу және қоршаған ортаны қорғау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар көші-қон және интеграция мәселелері де ерекше назарда. Облыста азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етуге және әлеуметтік үйлесімділікті нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Жиында гендерлік теңдік мәселесі де сөз болды. Түркістан облысы – демографиялық өсімі жоғары аймақ. Бүгінгі таңда, өңірде 400 мыңнан аса отбасы бар. Көпбалалы батыр аналардың басым бөлігі Түркістан облысында тұрады. Бүгінгі таңда







Түркістан облысындағы 5611 мемлекеттік қызметшінің 1572-сі немесе 28,1%-ы – қыз-келіншектер. Оның ішінде, 233 әйел немесе басшылық лауазымдарды атқарады.

Сондай-ақ өңірде әйелдер қауымы барлық салаларда жемісті еңбектер көрсетуде. Облыс көлемінде шамамен 210258 мың кәсіпкер болса, оның 91 мыңнан астамы – әйелдер. Статистикаға сәйкес, шағын және орта кәсіпкерліктің 43,1%-ында әйел адамдары басшылық жасауда.

Кездесуде азаматтық қоғамды қолдау, отбасы құндылықтарын нығайту және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған бастамалар да талқыланды.

Жиын соңында Ертай Кенжебекұлы БҰҰ арнайы баяндамашысының тәжірибесі мен сараптамалық көзқарасының өңір үшін маңызды екенін атап өтіп, пікір алмасу Түркістан облысының даму стратегиясын жетілдіруге және халықаралық тәжірибені енгізуге серпін беретінін жеткізді.

Кездесу қорытындысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және тәжірибе алмасуды жалғастыруға ниетті екенін білдірді.

АЗАМАТТАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДА

«AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің қатысуымен кезекті жұмыс жиыны өтіп, онда өңірлердегі өзекті мәселелерді жүйелеу, бизнес қауымдастықпен бірлесе жұмыс жүргізуде партияның кәсіпкерлер қанатының белсенділігін арттыру, үйлестіру кеңесінің жұмысын жандандыру және партияның алдағы міндеттерін айқындау мәселелері қаралды. Басқосуға партияның Орталық аппаратының жауапты өкілдері қатысты, бейнебайланыс конференциясы режимінде аумақтық партия филиалдары қосылды. Берілген тапсырмаларды партияның Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев, өңірлік партия филиалының жауапты сала мамандары тыңдады.

Жұмыс мәжілісі барысында партия қызметін ең алдымен облыс – аудан – ауыл форматы бойынша нақтылау қажеттігі айтылды. Бұл тәсіл әр деңгейдегі проблемаларды айқын бөліп көрсетіп, шешім қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік беретініне баса мән берілді. Соның ішінде облыс деңгейінде стратегиялық бағыттар мен жүйелі проблемаларды қарастырудың маңызы айтылды. Әсіресе өңірлер арасындағы даму теңсіздігін азайту, инвестициялық жобаларды тиімді үйлестіру және мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылау мәселелері көтерілді.

Аудандық деңгейде әкімшілік және әлеуметтік мәселелерге қатысты нақты проблематикаларды өзектендіру қажет деп бағамдалды. Сонымен қатар аудандық басқару деңгейінде шешім қабылдау жылдамдығын арттыру және тұрғындармен кері байланысты күшейту қажеттігі айтылды. Ал ауыл деңгейінде халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсері бар, азаматтардың өмір сапасы мен табысын арттыруға ықпал ететін мәселелер назарға алынуы тиіс екені ерекше атап өтілді. Білім сапасын арттыру, медицинаға қолжетімділікті қамту, ауыл кәсіпкерлігін дамыту, жұмыссыздықты азайту және жастарды ауылда ұстап қалу мәселелері негізгі түйткілдер ретінде аталды.

Бұл мәселе жөнінде нақты тапсырмалар берген Эльдар Тынышбайұлы, партияның басты міндеті әр деңгейдегі мәселені нақты анықтап, оны шешудің тиімді тетіктерін ұсыну екенін атап өтті. Оның айтуынша, үйлестіру кеңесінің жұмысы енді тек талқылау алаңы емес, нақты шешімдер мен нәтижеге бағытталған механизм болуы тиіс. Кәсіпкерлерге ортақ түйткілді мәселелердің шешімін табу, шағын және орта бизнестің кең өріс алуына жағдай жасау, ауыл кәсіпкерлігін қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу және инвестиция тарту бағыттары партия жұмысының басым бағыты ретінде қарастырылатынын жеткізді.

Мәжілісте «Ashyk Amanat» аналитикалық платформасының алғашқы нәтижелері баяндалды. Осы сервистің Telegram-бот арнасына 114 өтініш келіп түскені хабарланды. Соның ішінде 4 өтінішті Түркістан облысының кәсіпкерлері жолдаған. Бұл сервис еліміздегі кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін біріктіріп, партия, Үкімет және бизнес қауымдастығы арасындағы нақты әрі тиімді құрал қызметін атқарып келеді. Сондай-ақ жиында 2025 жылғы қазан айынан бері кәсіпкерлік мәселелері бойынша үйлестіру кеңесінің өңірлік деңгейде 34 отырысы өткені хабарланды.

Партияның Түркістан облыстық филиалы жанындағы үйлестіру кеңесінің құрамына облыс әкімдігінің салалық басқармаларының, облыстық партия филиалының және «Атамекен» ҰКП облыстық филиалының басшылығы, бизнес өкілдері енгізілген. Кеңес отырыстарында өңір кәсіпкерлерінің өзекті мәселелері қаралып, бизнеске ортақ проблемаларды шешу жолдары қарастырылуда. Жұмыс жиындарында шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайы, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігі, кәсіпкерлерге көрсетілетін қаржылай және инфрақұрылымдық қолдау мәселелері жанжақты қамтылуда. Әсіресе ауылдық жерлердегі кәсіпкерлердің несиеге қолжетімділігі, инфрақұрылым тапшылығы, өндірілген өнімді өткізу, жер және құжаттандыру мәселелері кәсіпкерліктің дамуына әсер етіп отырған негізгі проблемалардың бірі ретінде айқындалып отыр.

Партияның хатшысы өткізген жиын қорытындысында Сайлауалды бағдарлама халықтың нақты сұранысына негізделген, орындалуы бақылауда болатын маңызды саяси құжатқа айналуы тиіс екені ерекше атап өтілді. Партия өкілдері бағдарламаның әр тармағы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға, өңірлердің әлеуетін арттыруға және елдің тұрақты дамуына бағытталатынын жеткізді.

«ШЕКСІЗ МҮМКІНДІК» ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫН СЕНІММЕН ҚҰРУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЙДЫ

«AMANAT» партиясы биылғы наурыздан бастап «Кедергісіз келешек» жобасы шеңберінде 9 және 11 сынып түлектері қатарындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастар үшін кәсіптік білім алу және кейіннен кепілді жұмысқа орналастыру арқылы әлеуметтік және кәсіби интеграциялаудың тұрақты механизмін құруға бағытталған «Шексіз мүмкіндік» қосалқы жобасын іске асыруды қолға алды. Партия жанындағы Әйелдер қанатының ұйытқы болуымен жүзеге асып жатқан «Шексіз мүмкіндік» жобасы – әлеуметтік әділеттілік қағидатына негізделіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастардың әлеуетін ашуға, олардың қоғамнан шет қалмауына және өз болашағын сеніммен құруына жағдай жасайды.

Қоғамдағы инклюзия мәдениетін нығайтуға қызмет ететін жоба аясында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанаты Кентау қаласындағы арнаулы кәсіптік колледжінде «Кәсіби бағдар беру – мамандық таңдаудағы тиімділік» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісін өткізді. Облыстық партия филиалы төрағасының міндетін атқарушы, облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Қалыйма Жантөреева модераторлығымен өткен жиынға Кентау қаласының әкімі, Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасының директоры, Түркістан облыстық білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары басшыларының орынбасарлары, психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңес беру мекемесінің басшысы, Кентау қалалық емханасының және арнаулы кәсіптік колледж басшыларының орынбасарлары қатысты. Жиынға ZOOM платформасы арқылы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің штаттан тыс кеңесшісі Захира Бегалиева қатысып, «ITeachMe» құзыреттерді дамыту орталығының әлеуметтік бастамаларын таныстырды.

Жиынның мақсат-міндетін түсіндіріп өткен Қалыйма Жантөреқызы, «AMANAT» партиясы әрбір қазақстандықтың бақытты өмір сүруіне жағдай жасауға қызмет атқаратынын мәлімдеді. Партиямыз мемлекеттік қолдау азаматтарды толыққанды әлеуметтік және экономикалық өмірге белсенді тартуға бағытталуы тиіс деп білетінін айтты.

– Инклюзивті білім беруді дамытуда келесі мәселелер бар екені айқындалып отыр: ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп түлектерінің едәуір бөлігі әрі қарайғы білім мен мамандық таңдауда қиындықтарға тап болады, кәсіптік даярлыққа және еңбек нарығына қолжетімділіктің шектеулілігі әлеуметтік оқшаулануға, дербестіктің төмендеуіне және әлеуметтік төлемдерге тәуелділікке әкеледі. Осыған байланысты, партиямыздың «Шексіз мүмкіндік» жобасы сапалы кәсіптік білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуді, жастардың бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар қалыптастыруды, ерекше қажеттілігі бар балалар үшін кепілді жұмысқа орналасу мүмкіндігін беруді, олардың әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыруды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерді кәсіптік оқыту және жұмысқа орналастырудың тиімді жүйесін құруда – колледж, жұмыс беруші және студент арасында үшжақты келісім жасауға негізделген мемлекеттік мақсатты білім беру тапсырысы механизмі негізгі құрал ретінде айқындалып отыр. Биылғы оқу жылын облыста ерекше қажеттілігі бар 9 сыныпты 272 оқушы, ал 11-ші сыныпты 61 оқушы бітіреді екен. Бүгінгі жиын осы оқушылар үшін аса маңызды, қанша колледж қандай мамандықтар бойынша балалардың қабілетіне қарай қабылдай алады? Қаншасы ЖОО-на үміт артып отырғаны анықталатын болады, – деді Қалыйма Жантөреқызы.

Жиынға қатысушыларға деген құттықтау сөзін Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов білдірді. «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты жүзеге асырып жатқан «Шексіз мүмкіндік» жобасы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар 9 және 11 сынып түлектеріне нақты бағыт-бағдар беріп, олардың болашағына сеніммен қадам жасауына жол ашатын игі іс деп байыптады.

– Бұл – жастарды кәсіптік біліммен қамтып, кейіннен кепілді жұмысқа орналастыру арқылы олардың қоғамға толыққанды бейімделуін қамтамасыз ететін жүйелі тетік. Бүгінгі таңда мұндай кешенді тәсілдің маңызы ерекше. Себебі әрбір жас өз қабілетіне сай мамандық игеріп, қоғамнан өз орнын табуы тиіс. Кентау қаласы үшін бұл жоба айрықша мәнге ие. Өйткені біз үшін әрбір жас – қаланың болашағы, елдің ертеңі. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастардың тағдырына бейжай қарамау – біздің ортақ міндетіміз. Оларға тең мүмкіндік беру, әлеуетін ашуға жағдай жасау – бұл тек әлеуметтік саясаттың емес, адамгершілік ұстанымның да көрінісі. Біз бұл жобаны толық қолдаймыз және оны жүзеге асыруда жергілікті атқарушы органдар тарапынан қажетті қолдау көрсетілетін болады. Қаладағы колледждермен, білім беру ұйымдарымен және жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатып, жастардың сұранысқа ие мамандықтарды игеруіне жағдай жасаймыз. Сонымен қатар, оқу бітірген түлектерді жұмыспен қамту мәселесі де басты назарда болады, – деді Жандос Қалмұрзаұлы.

Жиында сөз алған облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Аслан Ибадуллаев кәсіби бағдар беру – жастардың қабілеті мен қызығушылығына сай дұрыс мамандық таңдауға бағыт беретін маңызды жүйе екенін айтты. Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы жөнінде жан-жақты мағлұмат берді.

– Бүгінгі іс-шараға ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қоғамын қолдауға бағытталған «Ақниет Holding» қоғамдық бірлестігі мен оның кәсіпорындары да қатысып отыр. Қазіргі таңда Түркістан облысында 22 әлеуметтік кәсіпкер тіркеліп, олардың 12 жобасы 5 млн теңгелік мемлекеттік грант иегері атанды. Осы бағыттағы жарқын мысалдардың бірі – Алматы қаласында жүзеге асырылып жатқан Künde әлеуметтік кафесі. Künde жобасы 2016 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді. Бүгінде бұл желіде 40-тан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кафе Алматы қаласында 5 нүктеде, Астана қаласында 1 нүктеде қызмет көрсетеді. Қызметкерлердің орташа табысы шамамен 150 мың теңгені құрайды. Ең бастысы – олар өздерін қоғамның толыққанды, қажет әрі бағалы мүшесі ретінде сезінеді, – деген Аслан Сейілбекұлы әлеуметтік кәсіпкерлік жөнінде нақты мысалды келтірді.

Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Қасымбекованың хабарламасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы білім беру, олардың құқықтарын қорғау және қоғамға толыққанды бейімделуіне жағдай жасау білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттарының бірі екені айтылды. Облыс бойынша инклюзивті білім беруге жағдай жасалған 874 мектеп бар екені айтылып, бұл облыстағы жалпы мектептердің 93 пайызын құрайтыны мәлімделді. Осы мектептерде дефектолог, логопед санатындағы 687,5 арнайы педагог қызмет атқаратыны жеткізілді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мақсатында 9-11 сыныпты аяқтаған балаларды тегін кәсіптік біліммен қамту үшін қажетті шаралар қолға алынғаны айтылды. 2026-2027 жаңа оқу жылында облыс бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына 15 600 орын мемлекеттік тапсырыс орналастыру жоспарланып отырғаны хабарланды.

Жиын барысында өңіріміздегі 17 аудан бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу орнынан түсуі бойынша соңғы үш оқу жылына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері таныстырылды. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың барлығын толыққанды оқумен қамту, олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес мамандық таңдауына жағдай жасау бойынша партияның облыстық филиалы айқындаған мақсат-міндеттер айтылды.

Мәжілісте Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Самат Байғұтовтың хабарламасы тыңдалды. Басқарма өкілінің мәлімдеуінше, Түркістан облысы бойынша мүгедектігі бар азаматтардың саны 103 мың адамнан асады, 2026 жылы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауға жалпы 17,7 млрд. теңге бағытталғанын айтты. Осы санаттағы азаматтарды оңалту құралдарымен қамту көрсеткіші 54,4 пайызды құрайтынын, «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасы шеңберінде инфрақұрылымды бейімдеу жұмыстары қолға алынғанын мәлімдеді. Қолжетімділік картасына енгізілген 3 702 нысанның 2463-і бейімдеуден өткізілгенін хабарлады.



Жиынға ZOOM платформасы арқылы қосылған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің штаттан тыс кеңесшісі Захира Бегалиева «ITeachMe» құзыреттерді дамыту орталығының әлеуметтік бастамаларын таныстырды. Бұл жоба 2030 жылға дейінгі мерзімде еңбекке қабілетті жастағы ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарды оқыту және олардың жұмысқа орналасуына қолдау көрсету міндетін көздейді. Әлеуметтік осал топтар мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған заманауи әлеуметтік-білім беру бастамасы болып табылатын жобаға қатысушылар IT және цифрлық бағыттар бойынша білім алатыны айтылды. Олар сондай-ақ soft skills дағдыларын дамытып, тәжірибелік жобалар мен хакатондарға қатысатыны, менторлық қолдау алатыны мәлімделді.

Кентау қалалық арнаулы кәсіптік колледж директорының орынбасары Айнагүл Сейтжанова бұл оқу орны тірек-қимыл аппараты бұзылған мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған еліміздегі бірегей оқу орны екенін айтты. Колледжде 15–29 жас аралығындағы білім алушыларға техникалық және кәсіптік біліммен қатар, арнаулы әлеуметтік қызметтердің толық кешені көрсетілетінін жеткізді. Білім алушылар үшін жатақхана, бес мезгіл тамақтану, медициналық қызмет, қажетті тұрмыстық және оқу құралдары қарастырылғанын, сондай-ақ шәкіртақымен қамтамасыз етілгенін атап өтті. Оқу орнында пандустар, лифт және арнайы бейімделген инфрақұрылым қарастырылғаны айтылды. Студенттердің психофизикалық ерекшеліктері ескеріліп, жан-жақты қолайлы жағдай жасалғаны мәлімделді. Қазіргі таңда колледжде үш мамандық бойынша білім беру үдерісі жүретінін, оқу процесі теориялық және практикалық дайындықты, өндірістік тәжірибені қамтитыны айтылды. Нәтижесінде түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі соңғы жылдары 80 пайызға дейін жеткені хабарланды. Биыл аталған колледжді 21 оқушы бухгалтер, IT маман, тігінші-модельері мамандықтар бойынша бітіруде.

Жиын соңында «Ақниет Holding» компаниясының жиһаз құрастыру цехы, «Company Baqsultan», «NN-Tex» тігін цехтары, «Medical Style» арнаулы киімдер шығаратын өндіріс орны, «Mega-Bite» компьютерлік қызметтер салоны, «Дауленов» ЖК сауда қатарлары, «ECO Атамекен» өндіріс орны осы колледждің бітіруші студенттерімен жеке-дара сұхбаттасулар жүргізіп, бос жұмыс орындары туралы мағлұматтар берді. Іс-шара барысында "AMANAT" партиясы Түркістан облыстық филиалы, облыстық білім басқармасы, бала құқықтарын қорғау басқармасы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және Кәсіпкерлер палатасы арасында сындарлы ынтымақтастық орнату жөніндегі меморандумдарға қол қойылды.

ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облысында өскелең ұрпақтың бойына елжандылық қасиетті сіңіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. Бұл ретте «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан «QAISAR» жобасының маңызы ерекше. Аталған жоба аясында Шардара ауданында тағылымы терең патриоттық іс-шара ұйымдастырылып, жас буынға рухани тәрбие беру бағытындағы маңызды бастама іске асты.

Шардара аудандық білім бөліміне қарасты Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін мектепте «Бекет» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңіс күніне арналған мазмұнды кездесу өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жастардың патриоттық рухын көтеру, тарихи санасын қалыптастыру және ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын белсенді азамат тәрбиелеу.

Бүгінде "AMANAT" партиясы қоғамдағы ең өзекті мәселелермен қатар, жас ұрпақ тәрбиесіне де айрықша назар аударып келеді. «QAISAR» жобасы – соның айқын дәлелі. Жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жастарды ел тарихын құрметтеуге, мемлекеттің дамуына үлес қосуға және ұлттық мүддені қорғауға үндейді. Шардарадағы кездесу де осы бағыттағы маңызды жұмыстардың жалғасы болды.

Кездесу барысында оқушыларға Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдер, Ұлы Жеңістің маңызы, Отан қорғаудың қасиетті борыш екені туралы кеңінен айтылды. Сонымен бірге ұлттық құндылықтар, ел бірлігі, тәуелсіздіктің қадірі және қазіргі қоғамдағы жастардың рөлі жөнінде тағылымды пікірлер ортаға салынды. Оқушылар танымдық ойындар мен пікірталастарға белсене қатысып, өздерінің ой-өрісін, азаматтық көзқарасын таныта білді.

Іс-шара барысында жастардың тек білім алып қана қоймай, ел тағдырына бейжай қарамайтын саналы азамат болып қалыптасуы маңызды екені ерекше айтылды. Бұл бағытта «AMANAT» партиясы жастар саясатына тың серпін беріп, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жол ашып келеді. Партия қолға алған бастамалар жастардың бойында жауапкершілік, тәртіп, еңбекқорлық және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға негізделген.

Жиында сөз алған «Бекет» бастауыш партия ұйымының төрағасы, Шардара аудандық мәслихатының депутаты Болат Закарияұлы ел болашағы – білімді, тәрбиелі әрі патриот жастардың қолында екенін атап өтті. Ол жас буынның сапалы білім алып, ел игілігі жолында қызмет етуі мемлекет дамуының басты кепілі екенін жеткізіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен қатар мектеп директоры Нұртас Бақтыбайұлы іс-шараға белсенді қатысқан оқушыларды Алғыс хаттармен марапаттап, мұндай тәрбиелік мәні зор кездесулердің жас ұрпақ үшін маңызы ерекше екенін айтты. Бұл өз кезегінде оқушылардың ынтасын арттырып, қоғамдық белсенділігін күшейтуге ықпал етті.

ЖАСТАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Түлкібас ауданында «Түркібасы – айбыным, «Шынар бастау» – айдыным» атты республикалық жастар шығармашылық байқауының жеңімпаздары анықталды.

Марапаттау рәсімі «Шынар бастау» мәдени-рухани демалыс кешенінде өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, отандық БАҚ басшылары, ғалымдар мен аудан тұрғындары қатысты.

Алғаш рет ұйымдастырылған байқау Түлкібас өңірінің табиғи және тарихи ерекшеліктерін, ана тақырыбын, туған жерден шыққан танымал тұлғаларды

еліміздің ақпарат кеңістігінде кеңінен насихаттауға арналды.

Байқаудың бас демеушісі – Шерхан Мұртаза атындағы қайырымдылық қорының президенті, саясаттану ғылымдарының докторы Қайрат Айтбай. Идея авторы – белгілі медиа және коммуникация маманы, қоғам қайраткері Жандар Асан.

– Байқаудың басты мақсаты – Түлкібас өңірінің тарихы мен бүгінгі жетістіктерін, туристік әлеуетін дәріптеу. Сонымен қатар аудандағы қасиетті орындардың бірі – «Шынар бастау» мәдени-рухани кешенінің ерекшелігін, ана тақырыбы мен Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза, Мекемтас Мырзахметұлы, Мархабат Байғұт сынды тұлғалардың өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа насихаттау, – деді Жандар Асан.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, биылғы байқауға 90-ға жуық шығарма келіп түскен. Материалдар «Түркібасы – айбыным, байлығым, Мекемтас-биігі – тағзым-тағылым, Тұраркентім – төл ұғым, «Шынар бастау» – айдыным» тақырыптарын қамтыған.

Құрамында БАҚ басшылары, тіл мамандары мен танымал журналистер болған комиссия жұмыстарды бірнеше критерий бойынша саралады. Атап айтқанда, шығармаларда Түлкібас ауданының тарихы, даму кезеңдері мен болашағы, туристік орындары, «Шынар бастау» кешенінің ерекшелігі, отбасылық құндылықтар, ананы құрметтеу және тарихи тұлғалардың тағылымы көрініс табуы тиіс болды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Асанбай Асқаров атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Ақнұр Құралбекке бұйырды.

Бірінші орынды «Шамшырақ» қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Аяжан Мәмет иеленді.

Екінші орынды жас жазушы Гүлсая Рүстем мен Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің мұғалімі Сандуғаш Аяғанова өзара бөлісті.

Ал үшінші орын Абай атындағы мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Айгерім Пірімжанға, Астана халықаралық университетінің студенті Жансая Бектеналыға және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенті Нұргүл Қадырбайға берілді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Шерхан Мұртаза атындағы қайырымдылық қоры тағайындаған арнайы сыйақылармен марапатталды.

Байқауда үздік деп танылған шығармалар республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында «Түркібасы – айбыным, «Шынар бастау» – айдыным» атауымен жарияланады. Сонымен қатар байқауға ұсынылған барлық туындылар арнайы жинаққа енгізіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл байқау алдағы уақытта дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілмек.



“ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА КҮНДІЗ-ТҮНІ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК”

Үкімет басшысы Олжас Абайұлының тапсырмасымен Алматы қаласына жұмыс сапарымен барып, мегаполистегі көлік-логистикалық, энергетикалық, индустриялық және туристік жобалармен танысып шықтым.

Жалпы Алматының дамуы, қала халқының өмір сапасын жақсарту мәселесі Мемлекет басшысының ерекше назарында. Үкімет энергетикалық нысандардың сенімді әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдаған. Ендігі міндет – басталған жаңғырту жұмыстарын белгіленген кестеден кешіктірмей, дер кезінде аяқтау.

Бірінші нысан – Алматы әуежайы, ондағы инфрақұрылымдық жобалар. Халықаралық әуежайда VIP-перрон, ұшақтарды мұздан тазарту алаңы, жаңа жүк тұрақтары құрылысы жүруде. Нысанды басқаруды қолға алған TAV Havalimanları Holding A.Ş. (TAV Airports Holding) компаниясының алдағы бес жылға арналған бас жоспарында біршама жаңашылдықтар қарастырылған.

Шетелдік және отандық туристер көп келетін әсем қаламызда жолаушыларға қолайлы жағдай жасау өте маңызды. Бірақ туристік маусым басталуына аз қалғанына қарамастан, жұмыс қарқыны өте баяу, сапасы нашар. Жақында нөсер жаңбырдан кейін Алматы әуежайының халықаралық терминалын су басқаны да қоғамның орынды сынына ұшырады. Басқарушы компания басшысына жаңғыртуды осы жылдың 1 шілдесіне дейін аяқтау, тәулік бойы жұмыс режиміне көшу, үлгермеген жағдайда қосалқы мердігерді іске қосу тапсырылды. Ал қала әкімдігі жұмыс сапасы мен барысын күнделікті қадағалауы, әуежайдың көлік инфрақұрылымын қоғамдық көлік желісімен, соның ішінде метроның перспективалық бағытымен интеграциялауы тиіс.



Алып шаһардың аса маңызды нысаны – «Алматы-1» вокзалындағы жаңғырту жұмыстары былтыр наурыз айында басталған. Өздеріңізге белгілі, бүгінде еліміздің әр аймағындағы 121 вокзал жаңғыртылуда.

Жолаушылар ағыны бір сәтке де тоқтамайтын «Алматы-1» вокзалындағы жұмысты «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясы дұрыс ұйымдастырмаған. Вокзалға жаз мезгілінде тәулігіне 12 мың, ал қыста 7 мыңға жуық жолаушы келіп-кетеді екен. Жаңғырту жұмыстарының созбалаңға салынғаны халыққа қолайсыздық тудыруда. Сондықтан жаңғыртуға қарқын қосу, қажет болған жағдайда күндіз-түні жұмыс істеу керек.

Мердігер компанияға жоба-сметалық құжаттаманы сараптамадан өткізу ісін жеделдету, жабдықтардың дер кезінде жеткізілуін бақылау, жобаны аяқтау жүктелді. Қала әкімдігі жұмыс барысы мен сапасын күнделікті бақылауы тиіс. Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен қолға алынған осы маңызды жоба сапалы әрі уақытылы жүзеге асуы керек. Бұл мәселе Үкіметтің қатаң бақылауында.

Үлкен Алматы айналма автожолы құрылысында жер телімдерін сатып алу және босатуға қатысты мәселелер бар. Қала бюджетінен Алматы қаласы мен облысы арасындағы учаскелерде жұмысты бәсеңдетпеу үшін облысқа қарасты аумақта жер телімдерін сатып алу, жолдың жобалау құжаттарын әзірлеу және құрылыс жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлінген. Мегаполистегі жол-көлік жүйесін дамытуға қатысты Мемлекет басшысы арнайы тапсырма берген болатын. Сондықтан Алматының үлкен айналма күре жолындағы құрылыс жұмыстарын жеделдету керек.

ЖЭО-2 алып шаһарды жылумен қамтамасыз ететін ірі орталық саналады. Мұнда энергетика кешенін табиғи газға көшіру арқылы қаланы жылумен және энергиямен тұрақты қамтамасыз етуді, ауаға тарайтын зиянды қалдықтарды азайтуды көздейтін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Үш газ турбинасы мен генератор орнатылып, жабдықтардың 99%-ы жеткізілген. Қосалқы инфрақұрылым мен жол құрылысы аяқталды. Қазір бас корпус ғимараты мен су жылыту қазандықтарындағы, су және газ дайындау пункттеріндегі, электр техникалық инфрақұрылым нысандарындағы жұмыс бекітілген кестеге сәйкес жүруде. Жобаны 2026 жылдың соңында аяқтау жоспарланған.

Ал ЖЭО-3 нысанындағы қайта жаңғырту жұмыстары аясында кемінде 450 МВт болатын бу-газ қондырғысы салынады және тозығы жеткен жабдықтар жаңартылады. Мердігері – қазақстандық компаниялар консорциумы. Қайта жаңғыртуды аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

Алматы тау кластері Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Шымбұлақ» пен «Oi-Qaragai» курорттарын дамыту, «Көк-Жайлау» аумағын туристік орталыққа айналдыру бағыттарын қамтиды. Жоба аясында аспалы жолдар көбейеді, трассалар ұзарады, курорттардың демалушыларды қабылдау мүмкіндігі артады.

Almaty Superski жобасы бойынша әкімдік инженерлік-коммуникациялық және жол инфрақұрылымын тартуды бастады. Бұл жұмыстар 2027 жылдың қыркүйегіне дейін аяқталады деп күтілуде.

Еліміздің өнеркәсіптік және инвестициялық дамуының негізгі орталықтарының бірі болғандықтан Алматыда заманауи автомобиль кластерін қалыптастыру аса маңызды. Алматының Индустриялық аймағындағы былтыр маусымда іске қосылған «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» компаниясының негізінде құрылған заманауи автомобиль кластерінің индустрияландыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, құзыреттерді арттыру және сабақтас салаларды дамытудағы орны айрықша.

Алматы сияқты алып мегаполистің мәселелері осындай ауқымды жаңғыртулар, ірі жобалар арқылы шешімін табады. Ең маңыздысы – басталған жұмыстардың сапасы мен уақытылы іске қосылуы.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың фейсбуктегі парақшасынан

ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫМЫЗДЫҢ МҮМКІНДІГІ СӘЙКЕС ПЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Екіншіден, барлық тұрғындардың түгелге жуығының өскен ортасы, көрген тәрбиесі, қоғамдық сана-сезімінің жалпылана қалыптасқан контуры ортақ. Тарихи қалыптасқан демократиялық дәстүрлер қайдан болсын! Демократиялық институттардың ықпалы төмен, жұмыс істеу тәжірибесі теория жүзінде ғана. Елде саяси көпбағыттылық, үкіметтік емес ұйымдар, тәуелсіз БАҚ жоқтан бар бола бастаған уақыт.

Үшіншіден десең де, тағы басқа да деп, көп фактаждарды соза беруге болады. Бірақ, шегіне жақындаған жүйеленген өндірістік-шаруашылық дағдарысы мен созылған коррупциялық, есірген қылмыстық жағдайды қалай ескермейсің! Оған тағы заманды өзгерту мақсаты болса да, контингенті «өзгермейтін» билік кадрларын қоса салыңыз. Қазіргі уақыттағы бізден даму талабында алға еткен көптеген бұрынғы социалистік және азиялық колониялық елдерде азаттығын алған соң, идеологиялық-саяси және басқа да қоғамдық жүйелермен қосылып, бұрынғыны дәріптеген ескі көсемдері мен «олардың сенімді де ақылды» кадрлары жаңа мемлекеттері мен қоғамдық жүйелерін құрудан принципті түрде шеттетілген. Ал, бізде ше? Ал бізде баяғыда біреу «ханның уақтысында да сол төре мен сол молда, ақ патшаның уақтысында да солар; гәмүністің кезінде де сол бастықтар мен сол парторгтар еді, тәуелсіздіктен кейінде сол әкімдер мен сол депутаттар» деп таңырқаған екен...

Осы қарапайым мысалдардан соң-ақ, терең зерттемей-ақ, біздің социалистік өмір тіршілігінен нарықтық қатынастарға, құқықтық талаптарға, заң мен тәртіп аясына өтіп, жаңа өркениетті өмір-салтына енуіміз күрделі де қиын, ұзаққа созылған, еш бітпейтін, өтірік уәделері белшеден, коррупциямен «көмкерілген» өтпелі кезең «бұйырғанын» түсінуіміз керек сияқты. Халқының біздегідей жетпістей пайызы мұсылман, табиғи байлығы салыстыруға да келмейтін, ағылшынның, артылса қытайдың, қалған-құтқаны үндінің езгісінде өткен малайлар – Малайзия елі – бостандық алып, идеологиясы, басқару жүйесі, билік құрамы өзгеріп, 20-25 жылдың төңірегінде әлемдік салыстырмалы өлшеммен әр адам басына жылына 30-35 мың доллардан табысқа қол жеткізді. Тура осындай жағдайдағы тағы да біраз елдердің аталмыш көрсеткіштерін атауға болады. Біздер ше? Алғашқы отыз жылды «өтпелі кезең» деп, ақыры өте алмай-ақ қойдық...

Өткен 2025 жылы жоғарыда айтылған көрсеткішіміз 15 мың доллар болды. Онда да, 2022 жылдың «Қаңтар оқиғаларының» тікелей ықпалымен экономика саласы қимылдай бастағанынан. Біз қол жеткізуді үлгі тұтқан дамыған өркениетті елдерде бұл көрсеткіш – 70-80 доллардың ол жақ, бұл жағы. Айырмамыз жер мен көктей десе де айтатын қарсылығымыз жоқ.

Осыдан кейін «алғашқы отыз жылда» қанша жерден шынымен-ақ көз көріп, құлақ естіген жетістіктерді алға ұстасаң да, алдағы уақыттарда мақсат тұтқан түбегейлі өзгерістерге қол жеткізем десең, қаласаң да, қаламасаң да, ең басты шара реалды жаңаланған «ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ» өзінің қабылдауын қоғамдық өмірден өзі сұранып тұрғандай болды.

Осы күндерде әлемдік өмірдің талабы мен жетістігіне сай мемлекеттік идеологиямызды қайталай анықтап, оны іс жүзіне асырудың басты құралы ретінде, жаңа Ата заңымызды сексен төрт пайызға жаңартып, қабылдап алдық. Алдағы жаздың 1-ші шілдесінен қолданысқа енетін бұл басты мемлекеттік құжатымыздағы талаптардың толыққанды жүзеге асуы ұлтымызға, әр азаматымызға, бүткіл елімізге өмірлік маңызы барын саналы жұрт жақсы біледі деп санаймын.

Аталмыш басты құқықтық құжатымыз жоғарыда айтқандай толыққанды қоғамда өз орнына ие болуы үшін, өткен замандардағыдай «бір есептен бар, бір есептен жоқ» сияқты болып қалмас үшін, еліміздегі ең алдымен елдегі азаматтарымыз оның мазмұнын түсіне де, білуі де керек. Өткендегі аты «социалистік демократия» да, заты «партократиялық», онан кейінгі аты «халықтық демократия» да, заты «автократиялық» замандарда бұл құндылыққа тиісті көңіл бөлінбеді. Әдейілеп шығар деген де ой келеді. Бірінде барша билік «бірінші секретарларда», екіншісінде – атқарушы органдарда болса, онда «сайланбалы «халық өкілдерін» кімдер іздей қойсын?

Сөз етіп, білгіміз келіп отырған жаңа, ең үлкен бүткіл елдік, референдумдық шешімдер көрсеткендей, ұзаққа соза бермей нағыз демократиялық ел боламыз десек, осы конституциямыздың мазмұны мен талаптарын жақсы білуден бастауымыз керек шығар...

Азаматтармен сөйлескенде, жастармен кездескенде ең алдымен басты құқықтық құжатымызды ресми қабылдағанға дейін де, әрине, одан кейін де, мені ең алдымен бұл құнды халықтық шешіміміздің мазмұны қандай дәрежеде оларға таныс екені қызықтырады. Көбіне көпшілігі жалпы таныстықтан және өзін жеке қызықтыратын мәселелерден аса алмай тұрады. Ондайға мен таң қалмаймын. Себебі, өзім өскен өткен заманда бірлі-жарым жан болмаса (заңгер, немесе «зәкөншіктерден басқа), қалың көпшілік конституцияның да, іс-тіршіліктегі заңдардың мазмұнына көңіл бөле қарай қоймайтын. Бұндайға да таң қалмайтын едік. Есесіне КПСС орталық комитетінің маңызды қаулылары, госпланның шешімдері және осы сияқты басқа да меморгандардың міндеттеуші құжаттары өздеріне тіке тиетіндерді бейжай қалдырмайтын...

Қалай десең де, тура осындай «құқықтық-психологиялық», менталдық жағдай біздің жаңа, тәуелсіз әлеумжағдайымызда да негізінен қайталанды десе болатындайға кезіктік. Алғашқысында – «бәрінен де биік партияның айтқаны» деп мойындалса, кейінгісінде – «биліктің билігі болған» мемлекеттік атқару органының автократиялық құдыреті мойындалды. Мұндай бет қаратпайтын дауыл-күшке қоғам қалай қарсы тұрсын! Амалсыздан бейімделеді де. Алдынғысында жалғыз болса да, «партия қайда болса, жеңіс сонда», оның орнына келген заманда, керісінше «партиялар көп болса да, екпіні бос», күш елбасы мен атқару билік басыларында...

Аталған «демократиялық» аты бар, заманға да, халыққа да ұнамайтын билік түрлерін есерудей-ақ есердік. Енді жаңа Ата заңымыздың күшімен қалай артта, тарихта қалдырамыз, ойластырылған алгоритмдік жолмен, прагматистік мазмұнмен, құқықтық әдіспен? Үлкен де ұзақ қимылдың басы бар сияқты. Қабылданған Бас шешімнің ресми тіршілікке ену күні анықталды. Оның мазмұнымен қажетті дәрежеде танысу әрекеті көрініп тұр. Алғашқы басты ұран «Заңдылық пен тәртіп» көтерілуде. Жаңа әділетті қоғамдық өмірге жеке мақсаттары сәйкессіз коррупторларға қарсы, заң жолын сақтай отырып, күрес жүріп жатқанын да жоққа шығару мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдары мен «сымсыз телефондар» да осындай ойды меңзейді...

Десек те, біздің пікірімізше «өтпелі кезең» дейтін мезгілді мейлінше қысқа уақытта игергеніміз абзал. Онсыз да «жалпы өтпелілікке» аз уақыт арнаған жоқпыз. Егер әрі қарай да елдің бар байлығын «білгіштерге», «ақсақал, қарасақал, арамсақалдарға», «тектілер, беделділер, атадан көктегі биік етіп жаратқандарға» сыйлап жібермей, халықтан шыққан қайраткерлер мен кәсіби мамандардың басшылығымен, халық үшін арнаса, игі мақсаттарымызға көп кешікпей жететін шығармыз.

Кейде құқықтық сана мен тәртіп билеген қоғамға алдымен жетуіміз керек десем, кейбір пікірлестерім елдік және халықтық мүдені алға шығарғанымыз дұрыстау дейді. Жаңа конституциялық құжатымызда бұл екі идея да қамтылған. Тек, жоғарыда айтылған алгоритмге сүйенсек, онда алдымен «құқықтық сана мен тәртіп» категориясы ұтымды сияқты. Әр адамның жеке мүддесі тек жалпыға бірдей құқықтық талап пен мәдениет гүлденген мемлекетте ғана толыққанды ескерілсе керек.

Ендігі жердегі айтпаса болмайтын тағы бір өте маңызды мәселе. Ол – саяси құрылымдар, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік емес топтар дамыған елдердегідей деңгейге сай келмейтін жағдайда, әлі де болса, трайбализмнің ықпалы сезіліп тұрған жағдайда, алдағы ұлы өзгерістердің пассионарлық екпінін, имплементация процесін, метомарфозалық құбылыстарын сүйреу, осындай елде қандай саяси топқа немесе саяси топтарға тапсырылуы керек? Кейбіреулерінің аттары бар да, заттары жоқ. Кейбірінің аты да көрінбейді, заты да естілмейді. Ең болмаса көпшілікпен байланысатын жеке газеттері де жоқ. Сонда қандай саяси-идеологиялық күшқуатпен миллиондаған үгіт-насихат субъектілерін соңдарынан ертуі мүмкін екен?

Өткендегі көп сайлауларда дауыс берушілердің қатысуы сын көтермейтін жағдайға да жеттік. Мүмкін, өз демократиялық құқығын пайдалануға немқұрайлы, тіпті жауапсыз қарайтын азаматтар да бар шығар. Бірақ, бүгінгі күнгі барлығы түгел мектеп көрген, тәуелсіздіктің жарығын көрген контингент барлығы бірдей ел саясатына жауапсыз қарамайтын шығар? Сонда не? Меніңше, ақыры тарихи тағдырымыз солай болып, үстіміздегі заманда ел билеудің демократиялық тәртібін таңдадық па – демек, соған сәйкестеніп, ел билігінің анықтауышы саяси партиялық ұйымдары, ал, толықтауышы ұйымдасқан, көпсанды қоғамдық құрылымдары болуы керек. Ал, атқарушы мемлекеттік органдар көпшілік таңдаған саяси-әлеуметтік бағдарламалар мен шешімдердің атқарушысы және орындаушысы болуы керек. Мен қатты жаңылыспасам, біз үлгі тұтқан елдерде тап солай деп түсінем.

Біз де еркіндігіміздің алғашқы мезгілінде осындай тәртіпке ұмтылдық. Осыны арман-дадық. Ешкімнен кем емеспіз, адамзаттың даму тарихы ұқсас дедік.

Олардың белсенділігі мен белгілілігі сол кездегі дәстүрлі, бірақ шаршаған кәрі компартиядан да асып кеткендей көрінетін. Бәрінің де ұраны, мақсаты «жаңа идеология», «демократия», «тәуелсіз мемлекет», «ұлттық жаңғару», т.б. да өркениеттілікке ұмтылған бағыттар болатын.

Осы Тәуелсіздіктің туын аңсаған саяси партиямыз дейтіндердің бәрі немесе бәріне жуығы, алғашқы да іс жүзіндегі басты егемендік бұйырған соң, әрі қарай күрестерінде жаңа идеялар туу дағдарысына ұшырады. Әлемдік тарих пен саясаттанумен, алдыңғы қатарлы өркениетті ел құру іс-тәжірибесімен қақталған бағдарламалары, тағылымдамалары жоқ саяси топтар Абай атамыз айтқан «көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел» дейтінге айнала бастады.

Есесіне тәуелсіздікті жариялайтыннан жарты ай бұрын (1991 жылдың 2 желтоқсаны күні, тұңғыш Президент сайлануынан күн өткенде) әлем журналистерінің алдында әлі сиясы кеппеген мемлекет басшысының сөйлеген сөзі, сұрақтарға берген жауабы қоғам тарапынан алдағы мақсаттардың өзегі ретінде қабылданды. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Тап сол кезде қаңқасы ғана қалған кешегі «партия қайда болса, жеңіс сондағы» саяси ұйымның орнына алдымен әлсіз, кейіннен күшті саяси автократиялық билік келгенін байқамай қалыппыз. Нәтижесі белгілі...

Бүгінде де халық мүддесін қорғаймыз, ел игілігіне мақсатымызды арнаймыз дейтін оншақты саяси партия жоқ емес, бар. Жаңа Ата заң мүмкіндік берген, оның идеологиялық-экономикалық нарықтық қатынастар саясаты талап ететін, демократиялық қоғам, нағыз әділеттілік тіршілікке ұмтылу және қол жеткізу үшін біздің қазіргі қолда бар партияларымыз да түбегейлі саяси-ұйымдық жаңғырудан өтуі керек.

Азаматтық қоғамдағы билікке таласуға шамасы келетін саяси партиялар сол қоғамның идеологиясын қалыптастырушылар; саяси мақсаттар мен шешімдердің авторлары мен жетекшілері; бір-бірімен саяси бәсекелесу арқылы азаматтардың сенімі мен саяси жандандырушылар; сайлау арқылы қол жеткізетін лауазым иелерін ұсынушылар және тәрбиелеушілер болуы керек.

Жаңа Конституцияны қоғамдық өмірге енгізуге даярлау, онан кейінгі халыққа іс-жүзінде дәлелдей бастау реформалары қазіргі күні ауадай қажет. Осы басты құқықтық құжаттағы халық билігін қамтамасыз ету, құқықтық қатынасты тереңдете енгізу, зайырлылықты жағдай талап етсе, Мұстафа Ататүріктің, Махаткир Мұхаммедтің үлгілері арқылы іс жүзіне айналдыру, толыққанды әлеуметтік мемлекет құру мұраттарына онша көп ұзамай қол жеткізсек. Абай атамыз айтып кеткендей: «Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек» дегенін есте ұстайық.

Сондықтан да, бұл жолы қателеспей, демократиялық мемлекетті дамыту ісінде саяси партияларымыз тәжірибесі толыққанды болмаса да, қоғамдық ұйымдарымыздың әлсіздігі көбіне көзге түсе берсе де, демократиялық тәртіп табиғатына сай келе бермейтін: түрлі діндерге, өткеннен келіп жеткен «дәстүрлі» антиқұқықтық және басқа да аяқтан алатын әдеттер-ғұрыптарға заң аясында алдырмай, халқымызды, әсіресе жастарымызды дамыған қазіргі заман идеологиясы мен құқықтық, нарықтық мәдениетке баулуымыз тұрақты күн тәртібінде болуы керек.

Ата-бабаларымыз айтқандай, әрине жаратқан, тағдыр сақтасын, егер жиырма-отыз жыл бұрынғыдай қоғамдық бірлігіміз, ұлттық жарасымдығымыз жетіспей, әлсіздікпен бар мүмкіндігімізді үйіп-төгіп өзіміз сайлаған ел басшысына, оның атқарушы функционерлеріне бере салсақ, онда сөз жүзінде болмаса, қайдан халық билігі салтанат құрсын?! Есесіне алдымен жоғарыда аз айтпаған автократия, онан соң жеке тұлғаның диктатурасы да елестер.

Біздің халық жақсылық үшін жаралған. Біздің халық адамзаттың ең жақсы үлгісіне әбден лайық. Біздің халық өз еңбегімен, табиғи қабілетімен бақытты өмір сүруге арналған. Тек айналамыз тыныш, іштен шыққан жолбастарымыз адалынан болсын!

13 мамыр 2026 жыл.



Сапарбек САХОВ,
Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясының доценті, тарих ғылымының кандидаты

«Көзі жанып тұрады. Сондай жарық. Кісіге тіке қарайды, ештеңеден қаймықпайтын жан», – деп белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ақұштап Бақтыгереева қазақтың қайсар қызына қарап отырып пікір білдірген. Ақынның айтқан әр сөзі орынды. Себебі бұл келелі ой, келісті пікір мемлекет және қоғам қайраткері Бірғаным Сарықызы Әйтімоваға арналған. Иә, Бірғаным Сарықызы ештеңеден қаймықпайтын қайсарлығымен, батыл да шыншыл өжеттілігімен, елін сүйген патриоттығымен ерекшеленеді. Қазақтың алғашқы жолашар дипломат қыздарының бірі, Қазақстан Республикасы Парламентінің бірнеше мәрте экс-сенаторы және Премьер-Министрдің орынбасары, Министр лауазымдарын атқарған Б.Әйтімова туралы әңгімені әріден, бал дәурен балалық шағынан бастағанды жөн көрдім.



Біртуар елші
БІРҒАНЫМ
Бірғаным Әйтімованың дипломатиядағы дара жолы жайында

Бірғаным Сарықызы 1953 жылы 26 ақпанда еліміздің батыс өңірінде өмірге келді. Бірғанымның әкесі Сары – екінші дүниежүзілік соғыстың, Ұлы Отан соғысының ардагері. Әкесі балалар үйінде тәрбиеленіп, қиындықты көп көргендіктен болар, балаларын еркін өсірді. Сары ақсақал Бәйтерек ауданы, Бакаушин ауылдық Кеңесінің хатшысы, кейін Төрағасы болды. Ал, Бірғаным бастауыш сыныпты осы жерде орыс мектебінде оқыды. Алтын құрсақты Тұмарша есімді анасы жүзі жарқын, жүрегі жомарт, алақаны ашық, өте мейірімді жан еді. Жастайынан білімге құмар қызының болашағын байқаған анасы оны ауылдан дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта тәлім алуға қалаға жіберді. Бірғанымның сол кездегі Орал қаласындағы жалғыз қазақ тілінде білім беретін №11 мектепте оқуына мүмкіндік жасады. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған жылы білімге құштар Бірғаным Оралдағы педагогикалық институтқа оқуға түсті.

1974 жылы институтты үздік аяқтап, 21 жасында еңбек жолын ауылдағы мектеп мұғалімі болудан бастады. Бірғаным Сарықызының алғашқы мамандығы – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Мектептегі жұмысына асқан жауапкершілікпен қараған жас маман белсенді қайраткерлігімен, білімділігі мен біліктілігінің арқасында өзгелерден оза шауып, комсомол комитетіндегілердің көзіне түсті. Ол 1974-1976 жылдары Орал облысы, Бәйтерек ауданы «Пермь» кеңшарында мектеп мұғалімі, 1976-1979 жылдары осы «Пермь» кеңшары комсомол комитетінің хатшысы, 1979-1983 жылдары Орал облыстың комсомол комитетінде, одан соң Орал қалалық комсомол комитетінің 1-хатшысы болып жұмыс жасады.

Бірғаным 1983 жылы Орталық Комсомол комитетіне сол кездегі астанамыз Алматыға қызметке шақырылып, 1987 жылға дейін Орталық Комсомол комитетінің хатшысы қызметін абыроймен атқарды.

Бірғаным Әйтімова өзіне тапсырылған қызметті қалтқысыз атқаруы арқасында билік баспалдақтарының биік сатыларына батыл аяқ басты. Ол халықтың сенімін иеленіп, 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттығына сайланды. Қазақтың қайсар қызы Бірғаным елмен бірге білек сыбанып, тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда елдің қоғамдық-саяси жұмыстарына белсене араласып, еразаматтармен иық тіресіп алдыңғы қатарда бой көрсетті. 1990-1993 жылдары ол Жоғары Кеңес депутаты болған сәттерінде жоғары заң шығарушы мінберден Қазақстан үшін аса маңызды, күн тәртібіндегі ең өзекті құжаттардың заң жүзінде бекіп, қабылдануына зор үлесін қосты. «Егемендік туралы декларацияның», «Президент қызметі туралы», «Меншік туралы» Заңдардың, «Жер кодексінің» Жоғары Кеңес қабырғасында талқыланып, қабылдануларына белсене араласты.

Б.Әйтімова 1993 жылы Қазақстан Республикасы Жастар, туризм және спорт ісі жөніндегі министрі лауазымына тағайындалды. Ол осы қызметте болған кезде Қазақстан тәуелсіз ел мәртебесінде бірінші рет қысқы Олимпиадаға қатысты. Осы алқалы да додалы жиынға еліміз спортшыларын министр мәртебесіндегі Бірғаным өзі бастап барды. 1994 жылы Қазақстан алғаш рет дербес мемлекет ретінде Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен он жетінші қысқы Олимпиада ойындарында бақ сынап, Владимир Смирнов бір алтын, екі күміс медаль иеленді.

1996 жылы Б.Әйтімоваға сенатор болып сайланды. Оның заң шығарушы органдарда бұрын жинақтаған тәжірибесі енді еліміздің қос палаталы Парламентіне қажет болды. Бірғаным Сарықызының екінші мамандығы – заңгер. Бұл мамандықты қара шаңырақ Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып, 1994 жылы игеріп шығады. Осы кәсіби заңгерлік білімі оған Парламент қабырғасында сенатор орындығында отырғанда қажет болды. Ол мұнда теориялық алған білімін тәжірибемен шебер ұштастыра білді.

Бірғаным Сарықызына бір жылдан кейін Мемлекет басшысынан жаңа ұсыныс түсті. Бұл қызығы мен қиындығы мол мүлде бөлек сала – сыртқы саясатпен айналысатын дипломатия жолы еді. Төтенше және Өкілетті Елші дәрежесіне жеткен Бірғаным Сарықызының саяси портретіне, дипломатия саласындағы дара жолына, әйелдерден шыққан біртуар Елші тұлғасына тоқталып өтудің өзі бір ғанибет, болашақ жастарға тұнып тұрған үлгі-өнеге.

Б.Әйтімова дипломатиялық жолында 1997-2002 жылдары Қазақстан Республикасының Израильдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, 2002-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Италиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Грекиядағы, Мальтадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы болды. 2007-2013 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы Тұрақты Өкілі, әрі Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, 2012-2013 жылдары Соломон аралдарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы болып қызмет етті. Елші Бірғаным Сарықызы өзінің осыған дейін жинаған өмірлік тәлім-тәжірибесін, білім-біліктілігін, күш-жігерін салып, еліміздің көк байрағын шет елдерде лайықты түрде көтере білді.

Бірғаным Әйтімова дипломатиялық жолын жалғастырып, 2002-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Италиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Грекиядағы, Мальтадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы болды. Италияда Елшілік қызметінде Израильдегідей қауіпсіздік тұрғысынан онша қиыншылықтар болған жоқ. Бұл елде нәтижелі жұмыстар мен атқарылған игі істер өте көп болды. Бірғаным Сарықызы Қазақстанды Италияға екі жыл ішінде кеңінен таныстырып, мемлекеттік органдармен екіжақты экономикалық ынтымақтастық қарымқатынас орнатты. Италия Республикасынан Еуропарламент депутаттарымен ортақ тіл тапты.

Елшілік қызметін жоғары деңгейде атқарған Бірғаным Әйтімова елге беделді оралып, 2004-2005 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары қызметін абыроймен атқарды. 2005-2007 жылдары ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі болды. Шетелдің озық тәжірибесін ұстанып білім саласына реформа енгізді. 11 жылдық орта білім беру жүйесін, 12 жылдық білім беруге өзгертуге шешім қабылдап, «Болашақ» бағдарламасымен жас мамандардың тәжірибе алмасуына, біліктілікті арттыруына жағдай жасады.

Б.Әйтімова 2007 жылы қайтадан дипломатия жолына оралып, Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты Өкілі қызметін атқаруға кірісті. Сонымен қатар ол 2007-2013 жылдары Қазақстанның Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы, 2012-2013 жылдары Қазақстанның Соломон аралдарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы болды.

– БҰҰ-ның Тұрақты Өкілі ретіндегі міндет Елшіліктерге қарағанда екі есе көп. Жылына ағылшын тілінде 100-ге жуық баяндама жасадым. Елшілікте екіжақты қарым-қатынасты шешсек, бұл жерде көпсалалы және көпжақты қарым-қатынасты орнатуға үлес қостық, – дейді Бірғаным Сарықызы.

БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілі қызметін табысты аяқтап, Қазақстанға оралған Б.Әйтімова 2013 жылы Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты қызметіне кірісті. Ол қатардағы сенатор емес, комитеттер басшысы болды.

Бірғаным Сарықызы Парламент Сенатының мінберінен Үкіметке маңызды әрі өміршең ұсыныстар айтты. Ол әйел-аналардың зейнет жасының жоғарылауы, зейнетақы көлемінің төмендігі, әлеуметтік көмек көрсету тетіктері, мектеп тапшылығы мен мұғалімдер жалақысы секілді ел үшін өзекті мәселелерді Сенат отырыстарында қайта-қайта көтеріп, билік назарын аудартып отырды.

Бірғаным Сарықызы сенаторлықтан 2019 жылы зейнеткерлікке абыроймен шықты. Ол осы уақытқа дейін туған елі үшін қандай қызметті атқарып келсе де, адалдық пен әділдікті ту етіп, ешқайсысында да ұялатын қылық танытпағанын бүгінде алға тартады. «Қандай жауапты жұмыс істесем де, бір күніме ұялмаймын. Мен бәріне ашық қарай аламын. Ешкімге де жамандық жасаған жоқпын», – дейді ол шынайы қалпымен. Иә, Бірғаным Әйтімова үлкен саясаттан кетсе де, қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Қазір ол ҚР Парламенті Сенаты жанынан құрылған Сенаторлар кеңесі төрағасының орынбасары болып игі істерді белсене атқаруда.

Дипломатия саласының дарабозы Бірғаным Сарықызының елімізге сіңірген осынша зор еңбегі жоғары бағаланып, бірнеше мемлекеттік наградалармен аталып өтті. Ол Кеңес Одағы кезінің өзінде 1984 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жоғары мемлекеттік наградалар «Құрмет», «Парасат», II дәрежелі «Достық», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталды.

Мен Бірғаным Сарықызын сонау 1994 жылдан танып, ал 2013 жылдан бері жақын араласып, екеуміз апалы-сіңлідей, араласқұралас болып кеттік. Бірғаным Сарықызымен алғашқы жақын таныстығым 1994 жылы Германияның Бонн қаласында болды. Менің Қазақстанның Германиядағы Елшілігінде алғашқы ұзақмерзімді іссапармен дипломатиялық қызметімді атқарып жүргенімде ол еліміздің Жастар, туризм және спорт ісі жөніндегі министрі лауазымында ГФР-дің салалы министрліктерімен екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін кездесуге келген еді. 2013 жылы Сенат қабырғасында кездескенімізде сол сәттерді еске алып, жақын араласып келеміз. Осындай кездескенде Бірғаным Сарықызы дипломатия саласында жылдар бойы жинаған бай тәжірибесімен бөлісуден ешқашан жалыққан емес. Ол – бұл мамандықты таңдаған өзінен кейінгілерге үнемі бағыт-бағдар беріп, нағыз кәсіби дипломат қандай болу керек деген сауалға жауап айта алатын тәжірибелі Елші.

Бірғаным Сарықызының қарапайым адам ретінде, нәзікжанды әйел ретінде қызығушылығы сан алуан. Соның бірі – «Бірғанымның түйреуіші» саясаткерлер арасында танымал. Себебі, әдемілікке жаны құмар, әрі қазақи салт бойына сіңген «көз тимесін» деген ырымшылдығымен ол үнемі әдемі түйреуіштерін саяси маңызды кездесулер мен жиындарға үнемі тағып жүреді. Қазір оның қоржынында 100-ден астам түйреуіштері бар. Жеке қызығушылығын жұмысымен ұштастыра білген Бірғаным Әйтімова кездесулерге түйреуіштердің символикалық белгілері мен түр-түсіне қарай тағып баруды әдетке айналдырған. Бірғаным Сарықызы түйреуіштер коллекциясына қатысты шет елде дипломатиялық қызметте жүргенде тап болған мына бір қызық оқиғаны айтып берді.

Бірғаным Сарықызы халықаралық келіссөздерді жүргізу, мемлекеттік келелі істерді атқарумен қатар отбасында ұлттық салт-дәстүрді берік ұстанатын сыпайы да биязы ұлтжанды қазақ әйелі. Қоғамдық-саяси сахнада қаншама маңызды міндет атқарғанымен, ол әрдайым отбасының ұйытқысы бола білді. Дипломатия жолында талай елдің атынан сөз сөйлеп, биік мінберлерде қызмет етсе де, ол ең маңызды рөлі – ана болуды бірінші орынға қойды. Немерелеріне деген мейірімі шексіз. Жолдасы Нұрлан мырзамен бірге өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, бір-біріне серік, ақылшы, тірек болып келеді. Екі балаларын үлгілі тәрбиелеп, оларға сапалы білім мен саналы бағыт берді. Бүгінде ұлы Сәкен құқық қорғау саласында абыроймен еңбек етсе, қызы Сабина шетелде қызмет атқарып жүр.

Ал, Бірғаным Сарықызына қыста демалыс күндері табиғат аясына шығып, шаңғы тебуді де отбасылық әдетке айналдырған. Бірғаным Сарықызының спортқа жаны құмар. Бұл да қазақ қыздары үшін үлгі аларлық жақсы қасиет. Кезінде спорт саласын басқарған министр ретінде ол үлкен теннис ойнауды және атқа мінуді үйренген. Кейде ипподромда атқа мініп жүруді жаны қалайды. Ол атқа үнемі сенімді түрде нық отырады, содан кейін ат алдыңғы аяқтарына отырып, иіледі. Бұл да бір Бірғанымның ғажап қасиеті болса керек.

«Ұлық болсаң, кішік бол» деп дана халқымыз айтқандай, біртуар дара тұлға Бірғаным Сарықызының кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы, кісілік келбеті мен адамгершілігі көптеген шенеуніктер мен депутаттарға үлгі боларлықтай. Ал, өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін оның өмір жолы мен өнегелі істері жол көрсететін бағдаршам іспетті десек те болады. Әсіресе, көптеген жас дипломат-қыздар, тіптен орта жастан асқан әйел-дипломаттар өздерінің кумирі тәрізді көреді.

Иә, туған жерін, елін сүйген, Отанына берілген, жүрегінде иманы бар адамдар әрқашан игілікті еншілейді. Бірғаным Әйтімованың бүкіл саналы ғұмыры осындай ізгі қасиеттерге, адал ниетпен атқарған келелі істерге, иман нұрына толы. Әлі де оның алда атқаратын ауқымды жұмыстары еліміздің игілігі мен халқымыздың қажетіне аса беретініне кәміл сенімдімін.

Гүлсім ЕҢСЕПОВА,
ҚР Сыртқы істер министрлігінің
І сыныпты кеңесші-дипломаты,
филология ғылымдарының
кандидаты,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

• ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА – 81 ЖЫЛ

«102 ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘКЕШІМ!»
Әмір Айдаровтың өмір жолы – ерлік пен елдік өнегесі



XX ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқы үшін ең ауыр әрі қасіретті кезеңдердің бірі болды. Кеңестік биліктің орнауы, күштеп ұжымдастыру, 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылық, саяси қуғын-сүргін мен Екінші дүниежүзілік соғыс қазақ қоғамына орны толмас зардап әкелді. Осындай тарихи сын сағаттарда елдің ертеңі үшін жанын аямай, Отан қорғауға аттанған азаматтардың қатарында Әмір Айдаров та болды. Оның өмір жолы – бір адамның тағдыры ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі, ұлт тарихының айнасы.

Әмір Айдаров 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Шымқорған ауылында дүниеге келген. Әкесі Айдар мен анасы Орынкүл қарапайым еңбек адамдары болған. Отбасында Додаш атты әпкесі, Жаманқұл, Зұлыпқар, Арал есімді ағалары және кенже ұл – Әмір тәрбиеленіп өсті. Болашақ жауынгердің балалық шағы қазақ даласын жайлаған ауыр ашаршылықпен, жоқшылықпен және қоғамдық күйзелістермен тұспа-тұс келді.

1928 жылдан басталған күштеп ұжымдастыру саясаты қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін күйретті. 1931-1933 жылдары болған аштық салдарынан миллиондаған адам қырылып, халық демографиялық және рухани тұрғыдан зор шығынға ұшырады. Бұдан кейінгі саяси қуғын-сүргін жылдары да ел ішіндегі үрей мен сенімсіздікті күшейтті. Осындай ауыр тарихи жағдайда өскен жас Әмір ерте есейіп, еңбек пен өмірдің тауқыметін жастайынан сезінді.

Ол ауылдағы жетіжылдық мектепті аяқтап, еңбекке араласа бастаған тұста, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Алғаш болып ағалары майданға аттанды. Сол кезде небәрі 17 жастағы Әмір ел басына күн туған шақта қарап қалмай, Мақтаарал аудандық әскери комиссариатына өз еркімен барып, майданға сұранады. Бұл – жас жігіттің Отан алдындағы жауапкершілігі мен азаматтық рухының айқын көрінісі еді.

1941 жылы Әмір Айдаров Қазақстанда жасақталған әскери құрамалардың қатарына қабылданып, Ленинград майданына жіберілді. 1941 жылдың 10 шілдесінен 1944 жылдың 10 тамызына дейін ол неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ленинградты қорғау шайқастарына қатысты. Тарихта «900 күндік қоршау» деген атпен қалған Ленинград қорғанысы – Екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр әрі стратегиялық маңызы зор шайқастарының бірі болды.

Ленинград майданында мыңдаған қазақстандық жауынгерлер ерлік көрсетті. Қаланы қорғау барысында ондаған жау дивизиялары талқандалып, кеңес әскері маңызды әскери-саяси жеңіске қол жеткізді. Балтық флоты құрамындағы «Киров» крейсерінде де көптеген қазақстандық сарбаздардың ерлікпен шайқасқаны тарихи деректерде айтылады. Сол қаһарман жауынгерлердің қатарында Әмір Айдаров та болды. Ол от пен оқтың ортасында жүріп, туған жер мен болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін күресті.

Майдандағы ерлігі мен табандылығы үшін Әмір Айдаров бірнеше мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда:

1. II дәрежелі Отан соғысы ордені,
2. Ленинградты қорғағаны үшін медалі,
3. Еңбек ардагері медалі (КСРО),
4. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл медалі,
5. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл медалі,
6. 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл медалі,
7. КСРО Қарулы күштеріне 60 жыл медалі,
8. КСРО Қарулы күштеріне 70 жыл медалі,
9. Қазақстан Республикасының астанасына 10 жыл медалі.

1945 жылы соғыс аяқталғанымен, Әмір Айдаров бірден елге оралмай, әскери қызметін жалғастырды. Тек 1947 жылы туған ауылына аманесен оралып, әке-шешесімен және туған-туыстарымен қауышады. Алайда соғыс оты олардың отбасын да айналып өтпеді: майданға аттанған ағалары туған жерге қайта оралмады. Бұл – сол кезеңдегі мыңдаған қазақ отбасыларының ортақ қасіреті еді.

Соғыстан кейінгі жылдары Әмір Айдаров бейбіт еңбекке араласып, отбасының тірегі бола білді. Ол шаңырақ көтеріп, 10 баланы тәрбиелеп өсірді. Бүгінде оның ұрпақтары өсіп-өніп, 6 ұл, 4 қызынан тараған 50 немере мен 27 шөбере ел игілігіне қызмет етіп келеді. Бұл – майдангер әкенің өмір жолының жалғасы, оның ерлігі мен еңбегінің мәңгілік жемісі.

Әмір Айдаровтың ғұмырнамасы – қайсарлықтың, отансүйгіштіктің және адамгершіліктің жарқын үлгісі. Ол сұрапыл соғыс жылдарында елін қорғап қана қоймай, бейбіт заманда да саналы ұрпақ тәрбиелеп, өмірдің шынайы қаһарманы бола білді. Мұндай тұлғалардың өмірі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің маңызды құралы болып табылады.

Ұлы Жеңістің 81 жылдығы қарсаңында майдангер әкенің өмір жолына тағзым ету – өткенге құрмет, болашаққа аманат. Ғасыр жасаған ардагердің өнегелі ғұмыры ел жадында мәңгі сақталады.

102 жасыңыз құтты болсын, ардақты әкешім!

Сіздің ерлігіңіз – ұрпаққа ұран, ғибратты ғұмырыңыз – мәңгілік мұра.

Әкеміздің ерлікке толы ғұмыры — үлкен мақтаныш әрі кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Ардагер әкеміздің рухы асқақ болып, ұрпақтарының ортасында есімі әрдайым құрметпен атала берсін!

Ұл-қыздарының атынан
Амангүл Әмірқызы АЙДАРОВА

• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

СҰЛТАНБАЙ ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНЫ ЕДІ

Көзден кетсе де көңілден кетпейтін, соңында ізгілік жолын қалдырған, есімін ел ардақтаған азаматтың бірі – маңғыстаулық Сұлтанбай Нәубетов ағамыз еді.

1936 жылы Форт-Шевченко қаласының маңындағы Құлалы ауылында дүниеге келген Сұлтанбай 1955 жылы Форт-Шевченко қаласындағы қазіргі Е.Өмірбаев атындағы мектепте орта білім алды. 1957 жылы Гурьев педучилищесін, ал, 1962 жылы Гурьев мемлекеттік пединститутының филология факультетін бітірді. 1962-1979 жылдар аралығында интернат меңгерушісі, оқу ісінің меңгерушісі, Маңғыстау облыстық білім жетілдіру институтының қазақ тілі мен әдебиетінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Сұлтекең қалада, облыста оқу-ағарту саласында сапалы білім беруге, кадрлар даярлауға, қазақ тілінің өркендеуіне өзінің білімін, күш-жігерін жұмсады. Осы еңбектері бағаланып, Қазақ ССР Оқу министрлігінің бірнеше мәрте Құрмет грамотасымен, Маңғыстау облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу Академиясы ұлағатты ұстаз Сұлтанбай Нәубетовтің методикалық әдістемелерін мектептерге үлгі-тәжірибе ретінде ұсынды.

Елдің есінде қалатын бір қызғылықты жай – Сұлтанбай институтты бітіріп, Қызыл-өзен совхозында оқытушы болып еңбек жолын бастағанда ерекше жаңалық ала келді. Жас ұстаз жеке үйлерден кітап жинап, оның санын 2000 данаға жеткізіп, ауылда кітапхана ашады. Кітапхана меңгерушісі Ақшұқыр селосында тұратын Тоқбаева Несібелі болған еді.

С.Нәубетов облыс мектептерінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің заман талабына сай қалыптасуына негіз салды. Білікті ұстаздың білім беру саласында сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, Қазақ ССР оқу ісінің үздік қызметкері атағы берілді. Оның білім беру саласында сіңірген еңбегі, тәжірибесі тәуелсіз Қазақстанның білім беру саласында жалғасып, тәрбиелік маңызы бар үлгі болып қалыптасуда.

1979-жылдары Форт-Шевченко қаласы мен оған қарасты елді мекендердегі мәдениет ошақтарының жұмысы бір ізге түсе алмай, тоқырап тұрған шағы болатын. Сол тұста Форт-Шевченко қалалық партия комитеті С.Нәубетовке мәдениет бөлімін басқару туралы ұсыныс жасады. Басшы қызметінде болған Киікбай Рзаханов, Шабаз Иманалиев, Терекбай Жаңбыршин, Жабағы Құрмашев сияқты азаматтармен елдің мәдениетін көтеруде тынымсыз еңбек етті. Талай ұйқысыз күндерді басынан өткізді. Соның нәтижесінде «Ақжелкен» үгіт бригадасы құрылды. «Көңілашар» ұлт-аспаптар ансамблі, «Ақбөбек» эстрада ансамблі, «Балауса» жас балалар ансамблі ашылып, жұртшылықты өнерлерімен қуанта білді.

Сұлтанбайдың өзі құрып, жетекшілік еткен «Ақжелкен» үгіт-бригадасы эстрада ансамбліне айналып, облыстық, аймақтық, республикалық байқауларда жүлделі орынды иемденіп жүрді. 1980 жылы өнер ұжымына «Халық ансамблі» атағы берілді. Бұл Форт-Шевченко қаласының мәдени тарихында бұрынсоңды болмаған оқиға еді. С.Нәубетовтің шебер ұйымдастырушы, білгір басшы, талапшыл болуының арқасында ұлт-аспаптар оркестрі 1981 жылы Республикалық байқаулардың қорытындысы бойынша «Халық ансамблі» атанды. Бұл да Форт-Шевченко қаласының мәдениет саласындағы үлкен жеңісі болатын.

Сұлтекең мәдениет бөлімін басқарған жылдары жауапты да қиын міндет – ауыл, село тұрғындарына мәдени қызмет көрсету мәселесін шешті. «Ақшұқыр» кеңшарының фермалары мен елді мекендеріне, қыстақтары мен жайлауларына, теңіз айдынындағы балықшыларға жиі барып, өнер көрсетті. Қаладағы мұражай директоры Есбол Өмірбаевпен қызметтес болып, көп нәрсенің байыбын түсінді. Есағаға 1980 жылы осы саладағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» деген атақ берілді. Сол кезде Форт-Шевченко қалалық кітапханасының істәжірибесі облыс көлеміне үлгі етіп ұсынылды. Әрқашан да ізденіс үстінде жүретін Сұлтанбай қаланың мәдениет бөлімін облысқа, республикаға танытып, алдыңғы қатарға көтере білді.

Бүкіл саналы өмірін білім мен ілімге, өнер мен мәдениетке және туған жерінің өркендеуіне арнаған



Сұлтанбай Нәубетов (сол жақта) және Республикалық ақындар айтысының жеңімпазы Тілеумұрат Қожабеков Алматы қаласында. 1980 жыл.

Сұлтанбай Нәубетов ұлтым деп еміренген небір марқасқа тұлғалармен жолдастық-достық қарым-қатынасын үзген емес. Қазақтың талантты ақын қызы Фариза Оңғарсынова, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Аманкелді Айталы Сұлтекеңмен Гурьев педагогикалық институтында бірге оқыған, араларынан қыл өтпейтін достар еді. Фариза ақын киелі Маңғыстауға келген әр сапарында Сұлтанбайдың қара шаңырағында қадірлі қонақ болып, үй іші қуанышқа бөленетін.

Белгілі дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор Намаз Ізімбергенов те Сұлтанбайдың жақын досы болды.

Кезінде Форт-Шевченко, Жаңаөзен қалалық партия комитеттерінде бірінші хатшы, Маңғыстау облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болған Бақыт Бозжігітов – Сұлтанбайдың бала кезінен бір ауылда өскен досы. Бақыт жоғарғы лауазымды қызметте болса да, уақыт тауып, қолынан балғасы түспейтін. Ағаштан түйін түйетін ол киіз үй жасаудың нағыз шебері болатын. Үлкен шенді партия қызметкері кейінірек киіз үйдің тарихы туралы арнайы оқулық жазды.

1960-жылдардың басында талантты ақын Төлеген Айбергенов пен атақты сазгер Шәмші Қалдаяқовтың Маңғыстауға қалай сапар шеккенін аға буын өкілдері жақсы біледі. Ежелден өнер десе ішкен асын жерге қоятын маңғыстаулық ағайындар қайталанбас қос талантты үлкен құрметпен, ыстық ілтипатпен қарсы алды. Естен кетпес осы шығармашылық сапарда киелі жерде мәңгілік жасайтын «Ақ ерке – Ақ Жайық» әні дүниеге келіп, алғаш рет шырқалды, тұсауы кесілді.

Сонда Шәмші мен Төлегенді қарсы алып, шығармашылық кешін ұйымдастыруға мұрындық болған жас мұғалім Сұлтанбай Нәубетов екендігін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Қазақстанның Халық артисі, көрнекті сазгер Шәмші Қалдаяқов жазған бір естелігінде жас өнер жанашыры Сұлтанбай Нәубетов туралы ыстық ықыласпен еске алады.

Сұлтанбай мен белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың ұлттық өнерінің жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің шынайы достығы өз алдына үлкен әңгіме. Белгілі қоғам қайраткері Сайын Шапағатов, қазақ ұлтының үлкен жанашыры Сұлтанбай Нәубетов бастаған маңғыстаулық зиялы азаматтар облыс орталығы – Шевченко қаласының атын Ақтау деп өзгерту жөнінде нағыз табандылық пен ұлтжандылық көрсете білді. Маңғыстаудың марқасқасы Сұлтекең қазақтың талантты ақыны Темірхан Медетбековпен өмір бойы сыйласып өтті.

Сұлтанбай 1986-жылдары жаңадан құрылған Қызыл-өзен ауылдық Кеңесінің төрағасы болып тағайындалып, жаңа қызметіне белсене кірісіп кетті. Ақшұқыр ауылдық Кеңесінің төрағасы болған жылдары да ел игілігі үшін көп іс тындырды. Атап айтқанда, газ, ауыз су мәселесі өз шешімін тапты. Жалғызілікті қарт адамдарға, тұрмысы нашар отбасыларға қолдау көрсету туралы игі бастаманы алғашқы болып қолға алған да – ел ағасы Сұлтанбай Нәубетов. Ізгілікке толы бұл іс көп ұзамай-ақ ауданның көптеген елді мекендерінде қолдау тапты.

Сұлтекең зейнеткерлікке шыққанға дейін Маңғыстау облыстық ауылшаруашылық тәжірибе станциясы директорының материалдық жабдықтау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Осы жылдары су, жылу, жарық, тұрғын үй сияқты маңызды мәселелер шешімін тапты. Нарықтық экономикалық қиын кезеңдерде халық еңбегін қорғау, әлеуметтік қамқорлық көрсету, жұмысшылар мен зейнеткерлердің тұрмыстық мәселесін шешуде ауқымды жұмыс атқарды және орындалуына бар күш-жігерін жұмсады. Еңбегі бағаланып, 1995 жылы Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлері Кәсіподағы Орталық Комитетінің Президиумының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Түпқараған ауданының экономикалық және әлеуметтік дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін Түпқараған ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Сұлтанбай Нәубетов қай салада қызмет атқарса да бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыста болды. Ауыл өмірін, мәдениетін, жетістіктерін газет, теледидар арқылы насихаттауда үлкен жұмыс атқарды. Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір», Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек», Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болды. Журналистика саласындағы еңбегі бағаланып, 1992 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды.

Форт-Шевченко қалалық Кеңесінің халыққа білім беру, мәдени, тарихи мұраларды қорғау, тіл жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып, қоғамдық қызмет атқарды. 1980-1991 жылдар ішінде Форт-Шевченко қалалық және Қызыл-өзен, Ақшұқыр ауылдық Кеңесінің депутаты болып сайланып, ел игілігі үшін қыруар жұмыстарды жүзеге асырды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ел үшін туған Сұлтанбай Нәубетов туралы талай жүрек жарды әңгіме айтуға болады. Есіл ер 2002 жылы 67 жасында дүниеден озып, облыс жұртшылығы соңғы сапарға шығарып салды. Сұлтекеңнің халыққа жасаған шарапаты ешқашан да ұмытылмайды. Осыдан алты жыл бұрын Ақшұқыр елді мекеніндегі көрікті көшелердің біріне Сұлтанбай Нәубетовтің есімі берілді. Ардақты аты Форт-Шевченко қаласының Даңқ мұрағатына жазылды.

Асыл жары Арухан екеуі Григорий, Мұхамеджан есімді қос ұл тәрбиелеп, екеуі де өмірден өз орындарын тапты, ел азаматы атанды.

Маңғыстауға барған сайын осы бір елі үшін, халқы үшін туған азаматтың ардақты есімін еске түсіріп, іштей ризашылығымды білдіремін.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Маңғыстау облысы,
Форт-Шевченко қаласы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ДЕРБЕС ШОТТАРЫН ЖІБЕРУ

Салық төлеушілердің назарына ҚР ҚМ 27.02.2018 ж. № 306 бұйрығымен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу қағидаларының 135-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) Дербес шоттарды бір мемлекеттік кіріс органынан басқа мемлекеттік кіріс органына беру мынадай жағдайларда жүргізілетінін жеткізеді:

- жеке тұлғаның тұрғылықты (болу) жері;
- дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың,кәсіби медиатордың;
- резидент заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің;
- Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаның;
- тұрақты мекемесі ретінде қарастырылатын тәуелді агенттің;
- салық агенті болып табылатын бейрезидент-тің орналасқан жері өзгерген кезде жүргізіледі.

Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шоттарын құқық мирасқорының(құқық мирасқорларының) тіркеу есебіне алынған орны бойынша мемлекеттік кіріс органына беру:

1) біріккен, қосылған кезде – беру актісі негізінде;

2) бөлінген, бөлініп шыққан кезде – бөліну балансы негізінде жүргізіледі.

Заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шотын беру салықтық тексеру аяқталған соң және тексеру нәтижелері қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шотында көрсетілгеннен кейін жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшесінің жеке шотының сальдосын жеке шотқа беруді заңды тұлға, сонымен бірге заңды тұлға жеке салық төлеушімен өз құрылымдық бөлімшесін тануды жою туралы шешім қабылданған жағдайда жүзеге асырады.

Жеке шот ашқаннан бастап беретін салық органында оның жабылған күніне дейінгі кезең үшін беріледі.

Осылайша, дербес шоттарды беру тіркеу деректері өзгерген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Салық төлеушінің жаңа орналасқан жері, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша Мемлекеттік кірістер органында бұрынғы дербес шоттар жүргізілетін орын бойынша Мемлекеттік кірістер органы жіберген дербес шоттың кіріс сальдосы ескеріле отырып, дербес шоттар ашылады.

Роза КАДИРОВА,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Ол мемлекеттің беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін төмендетеді. Сондықтан жемқорлықпен күрес – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, цифрландыру жүйесін енгізу, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету – осының айқын дәлелі. Мемлекеттік қызметші ең алдымен халыққа адал қызмет етуі тиіс. Заң талаптарын сақтау, қызметтік әдепті ұстану және жауапкершілікті сезіну – әрбір қызметкердің басты міндеті.

Сыбайлас жемқорлық қоғамға үлкен зиян келтіреді. Ол экономиканың дамуын тежеп, әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді. Әсіресе, жастар арасында адал еңбекке деген сенімді азайтады. Сондықтан өскелең ұрпаққа адалдық, әділдік және парасаттылық құндылықтарын насихаттау маңызды.

Жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының жұмысы ғана емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заңды құрметтеп, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға үлес қосуы қажет. Пара бермеу мен алмау қағидатын ұстану – әділетті қоғам құрудың негізгі жолы.

Адалдық пен әділдік салтанат құрған елдің болашағы жарқын болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрқашан басты назарда болып, қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптасуы тиіс. Тек сонда ғана біз құқықтық, дамыған және әділетті мемлекет құра аламыз.

Гүлмира ЕШИМБЕТОВА,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы

МЕРЕЙЛІ 60 ЖАСЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Құрметті Төлегенова Бахытгүл Борамбаевна!

Сізді мерейлі 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Төлегенова Бахытгүл Борамбаевна 1966 жылдың 9 мамырында Шымкент облысы, Түркістан қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1990 жылы Қазақ химия-технологиялық институтын автоматтандыру инженері мамандығы бойынша, сонымен қатар, 1998 жылы Кадрларды дайындау, қайта дайындау және квалификациясын көтеру институтын бухгалтер-аудитор мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1997 жылы Шымкент қаласы бойынша Салық инспекциясының салық түсімдерін есепке алу және талдау бөлімінің аға салық инспекторы қызметінен бастаған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Жалпы еңбек өтілі – 38 жыл, оның ішінде 25 жылын салық саласына арнап, өз ісінің білікті маманы, жауапкершілігі жоғары басшы ретінде әріптестерінің құрметіне бөленіп отыр.

Осы мерейлі белесте Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс, мерейіңізге мәртебе тілейміз! Әрдайым абырой биігінен көрініп, ел игілігі жолындағы еңбегіңіз жана берсін!

Ізгі ниетпен,
Шымкент қаласы бойынша Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

ҚазХТИ-дың ӨАҚ (ПГС) факультетінің 1991 жылы Едилбаева Айжан Ашировнаға берген дипломы жарамсыз деп танылсын.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Тасс-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1012.

• ТЫРНАҚАЛДЫ ЖАЗБА

ДОСТЫҚТЫҢ ҚУАТ-КҮШІ – ӘР ЖҮРЕКТЕ

РЕДАКЦИЯДАН:
Оқушылардың «Тик-токты», басқа да әлеужелілерді қарап кеткен заманда қолына қалам алып, адами құндылық, қасиеттер хақында өзінше ой толғайтын жасөспірімдер азайғаны жасырын емес. Алайда мектеп жасындағы балалар арасында да Абай атасына қайрылып, кесек ой айтуға талаптанған жасты көріп қуанып қалдық. Қарағандылық оқушы Зере Сағындықтың қасиетті қаламды қолға алу талпынысы қуантты. Шағын ой-лебізді оқи отырыңыздар.



Достық – адам өмірінің ең маңызды және мәнді құндылықтарының бірі. Ол адамды қиыншылықтардан алып шығып, өмірін жарқын әрі мағыналы етуге көмектеседі. Достықтың мәні тек сөздерде емес, адамның өмірінде әр қадамы мен шешімінде көрінеді. Әр адамның өмірінде шынайы достардың болуы – үлкен бақыт, өйткені достық – бұл тек қарым-қатынас емес, ол сенім, түсіністік, бір-біріне көмек көрсету мен қолдау көрсету.

Ұлы Абайдың отыз жетінші қара сөзінде: «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» деген даналық бар. Бұл сөз достықтың маңызын айқындайды, өйткені шынайы дос тек адал, нағыз жүрекпен болатын адам. Достықтың күшін түсіну үшін, ең алдымен, оның адам өміріндегі рөлін бағалау қажет. Дос – бұл сенің өмірінде кез келген сәтте, қиындықта, қуанышта жаныңнан табылатын адам. Ол тек өз пікірін айту үшін емес, ең алдымен, саған қолдау көрсету үшін болады. «Досыңа қиын кезде жәрдем ет, себебі ол сені ауыртпалықтан құтқарушы» деген нақыл сөз достықтың маңыздылығын нақты көрсетеді.

Адамның өз өмірінде достарына деген көзқарасы мен қарым-қатынасы оның тұлғалық дамуына әсер етеді. Шынайы достар – сенің кемшіліктеріңді көрсететін, бірақ сол уақытта сенің өзіңді жақсартуға деген ұмтылысыңды қолдайтын адамдар. Олар саған ақыл-кеңестер береді, жақсы жолға бағыттайды, әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Адам өз досы арқылы өмірдің түрлі қырларын, қиындықтарды жеңу жолдарын үйренеді.

Адамның жан дүниесін түсінетін, оның қайғысына ортақ болатын достар өмірдегі ең үлкен байлыққа тең. Қиын кезеңдерде достардың болуы адамның рухани әлемін сақтап қалуға көмектеседі. Адам жалғыздықты сезініп, қиын сәттерде басқалардан қолдау таппаған кезде өзінің құнсыз екенін сезінуі мүмкін. Бірақ шынайы дос жанына жылулық пен сенімділік әкеледі, оған жүгініп, өз ойларын еркін айтуға болады. Махмұд Қашқари: «Жақсы дос – жанның араласқан әлемі» деп, достықтың адамның ішкі әлемін қалай байытатынын атап өтеді

Достықтың шынайы күші тек жақсы күндерде ғана көрінбейді. Қиыншылықтар мен сынақтар достықты сынайтын сәттер. Дос, егер шынайы болса, сені қиын уақытта тастап кетпейді, керісінше, қолынан келгенше көмектеседі. «Қиын кезеңдерде досыңды таны» дегендей, нағыз достық тек сынақтардан кейін шыңдалады. Осындай сәттерде достар бір-біріне күш-жігер беріп, бірге жеңіске жетуге ұмтылады.

Достықтың адамның жан дүниесіне және психологиясына да үлкен әсері бар. Шынайы достардың қасында болу адамның өзін-өзі жақсы сезінуіне көмектеседі, оның ішкі жан дүниесі тыныштық пен гармонияға толады. Өзара сенім мен түсіністік орнаған кезде адам өз ісіне сенімді болады Жоғарыдағы сөздерді басшылыққа ала отырып, достық тек адам үшін моральдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар рухани тұрғыдан да пайдалы. Қазіргі таңда адамдар арасындағы қашықтықтың артуы, бір-біріне деген түсіністіктің азаюы достықтың күшіне нұқсан келтіруде. Бірақ, шынайы достық дегеніміз тек уақытша байланыс емес, ол адамның өміріндегі тұрақты, ұзақ мерзімді құндылық.

Қазіргі кезде достықтың маңызы өте жоғары. Жоғары жылдамдықта өмір сүріп, ақпараттың көптігінен адасып кететін адамдар үшін достар маңызды болып қалады. «Досыңа шын ниетпен көмек ет, себебі ол саған өмірде қиындықтарда әрқашан қолдау көрсетеді» деген сөздер әркайсымызға досымыздың қандай адам болуы керектігін үйретеді. Досқа деген шынайы қатынас оны ғана емес, сонымен бірге адамның өз ішкі әлемін де өзгертеді, оның болашағын жарқын етеді.

Адамның өз айналасындағы достарымен қарым-қатынасы оның моральдық дамуына әсер етіп, өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі. Ойшылдардың көптеген сөздерінде достықтың ролі ерекше аталады. Әл-Фараби: «Досың сені көтеретін адам болуы тиіс» деп достың адам өміріндегі маңызын ашып көрсетеді. Достық – бұл тек жеке адам үшін ғана емес, қоғам үшін де маңызды. Бір-бірін түсінетін және қолдайтын адамдар қоғамда өзара сенім мен бейбітшілікті қалыптастырады. Әр адам достарынан көп нәрсе үйреніп, олармен үнемі дамып, өзгеріп отырады.

Достық – бұл адам өміріндегі ең маңызды қатынастардың бірі. Ол өмірдің қиын сәттерінде адамның рухани тірегі бола алады, адамның жан дүниесіне тыныштық әкеледі және өзін-өзі тануға көмектеседі. Достықтың күшін түсініп, оны бағалау – әр адамның өмірін толыққанды әрі мағыналы етуге жол ашады.

Зере САҒЫНДЫҚ,
№59 жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы
Қарағанды қаласы

ЖЫЛ ҮЗДІГІ

атанған Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің тасы өрге домалап тұр

(Соңы. Басы 1-бетте).



Жиын барысында жоғары мектеп студенттері сахнада ерекше шығармашылық қойылым ұсынып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Өнер көрсетілімінде факультеттің белсенді жастары студенттік өмірдің жарқын сәттерін бейнелеп, көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Қазылар алқасы да олардың өнерін жоғары бағалады.

Жоғары мектеп атынан сөз сөйлеген Студенттер Альянсы төрайымы Елдара Обайдуллина бір жыл ішінде жүзеге асқан жобалар мен бастамаларға тоқталды. Ол өз сөзінде жетістікке жетудің басты себебі бірлік, сенім және ортақ мақсат екенін атап өтті. - Бұл марапаттар – тек бір адамның емес, тұтас команданың еңбегі. Әрбір белсенді студенттің идеясы, еңбегі мен жанашырлығы осы нәтижеге алып келді. Біз бұл жеңісті үлкен жауапкершілік деп қабылдаймыз, – деді ол.

Айта кету керек, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі студенттер Альянсы бойынша биыл алғаш рет осындай жоғары нәтижеге қол жеткізіп отыр. Жетістік жоғары мектеп жастарының бастамашылдығын, көшбасшылық қабілетін және университет өміріндегі белсенді орнын айқын көрсетті.

Жыл қорытындысындағы бұл жеңіс жаңа белестерге бастар үлкен қадам. Университеттің қоғамдық өмірінде өз орнын қалыптастырып үлгерген жоғары мектеп алдағы уақытта да тың жобаларымен, жарқын бастамаларымен дараланууды мақсат етеді. Тағы бір атап көрсетерлік жайт, жоғары мектеп басшылығы студенттердің бастамаларын үнемі қолдап отырады. Сондықтан олар оқуда үздік болып қоймай, қоғамдық, рухани-мәдени жобаларда да топ жарып келеді. Сәттілік ұзағынан сүйіндірсін!

Балжан АРИНОВА,
«Әділеттің» Астана қаласы мен Ақмола облысындағы меншікті тілшісі, Халықаралық Журналистер одағының мүшесі.
Астана қаласы

• ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ДӘПТЕРІНЕН

Республика жұртшылығы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Доқтырхан Тұрлыбекті жазушы-режиссер, журналист, сатирик ретінде жақсы біледі. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, әріптесіміздің «тығылып» өлең жазатыны да бар. Сіздердің назарларыңызға сан қырлы қаламгердің «жасырын» жазған бір топ өлеңін ұсынып отырмыз.



Сұлу әлем

Кенеп мата кеппейді,
Топас пышақ өтпейді.
Сүйген қалқа көңілден
Ешқашан да кетпейді.
Қол созғанмен не пайда,
Саусақтарым жетпейді.
Жүректегі сызаттар
Жара болып бітпейді.
Қанша ару құшсаң да, –
Сүйгеніңе жетпейді.
Сағыныштың гүлдері
Жүрегіңде көктейді.

Мұңлы күн

Жанарыңнан мұң көріп, түңілемін,
Ақша қардай жаныңа үңілемін.
Өзің болып кейде мен күрсінемін,
Дауыл соққан жас талдай бүгілемін.

Иә, иә, өмір деген қатал сын,
Шыға білсең асқар шың.
Артта қалсын мұңлы күн,
Нұрын шашсын айлы түн.

Еліктің лағындай сүйіктім

Әлемді жартылай кезіппін,
Бір бақыт боларын сезіппін.
Еліктің лағындай сүйіктім,
Ойда жоқ сенімен кезіктім.

Қапаста жарқ еткен күнімсің,
Қырымда жайқалған гүлімсің.
Сен – менің тұп-тұнық мөлдірім,
Жүректе бүр жарған жырымсың.

Нұр шашқан арайлы таңымсың,
Басыма қонған шын бағымсың.
Көрмесем өзіңді сағынам,
Кеудемде сен шыбын жанымсың.

Тағдырға сен үшін разымын,
Айналдым даусыңнан назы мың.
Ай-Күнім өзіңсің, ал, жерде
Айналып табатын қазығым!

Айдай сұлу, ақ маңдай

Ағарып атқан ақ таңдай,
Айдай сұлу ақ маңдай.
Әлем саған таңырқап,
Таңдай қағып тұрғандай.

Жалт еттің де жоқ болдың,
Күн сәулелі қалқам-ай.
Алматы тұр мұңайып,
Қаңырап бос қалғандай.

Әй, жалған-ай, жалған-ай,
Қол жетпейтін арман-ай!

Атыңнан айналайын...

Атыңнан айналайын Қымбат деген,
Өзіңсіз айтшы қалай күн батты екен?!
Кездестім жазым өтіп, күз келгенде
Ардақтап есіміңді мәңгі өтем.

Атыңнан айналайын Қымбат деген,
Ай өтпей, күндер өтпей аңсап кетем.
Бақытымды кеш көрген
сақтай гөр деп,
Қол жайып Тәңірімнен сұрап өтем.

Атыңнан айналайын Қымбат деген,
Саған деген көңілім ала бөтен.
Сыртыңнан періштең боп
шырылдаймын,
Ғұмырымды өзіңе арнап өтем.

Ақын сыры

Жабырқау менің түріме
Таңғала тұрып қарадың.
Жүрегің сыздап, ауырып,
Аядың мені, қарағым.

Ағаңның түскен еңсесі,
Өзгеріп мүлдем барамын.
Заман өгей шешемдей,
Қапыда жүрмін, қарағым.

Бар болғаны ақынмын,
Сұлулыққа жақынмын.
«Мерседес», ақша менде жоқ,
Осылай жүріп жатырмын.

Қайдан ғана кезіктің,
Көлдегі менің құрағым?!
Бір жаманға қор болма,
Жаны асыл шырағым.

Өмірден жүрген түңіліп
Адам едім, қарағым.
Назыңменен жылатшы, –
Нарқыңды білмей барамын.

Балдызым

Жағадағы жалбызым,
Маңдайдағы жалғызым.
Шырқашы бір әніңді,
Күміс көмей балдызым!

Ағарып атқан таңбысың,
Аққу құстай сәнбісің?
Күлімдеген күнбісің,
Қалықтаған әнбісің?

Айналайын балдызым,
Алмадайын алқызыл.
Тербетші бір термеңді,
Тұла бойым балқысын!

Тауда өскен маралым,
Жасыл желек аралым.
Алматыға жол жүріп,
Сені қимай барамын.
Жаны сұлу балдызым,
Әні сұлу балдызым!

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025-2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru